5. Давыдова И.М. Проблемы формирования новой политической идеологии в Казахстане//Саясат. Декабрь, 2000., 56-59с.
6. Кляшторный С.Г. Имперский фон древнетюркской цивилизации //XXI ғасыр: Ұлы дәстүр жолымен (қазақтың ұлы философы А.Х.Қасымжановтың туғанына 70 жыл толуына арналған ғылыми халықаралық конференция материалдары. 19-20 қазан, 2001ж.), А., Қазақ Университеті, 2001, -386 б.
7. Қадырбаев А.Ш. О государственности кочевников средневекового Казахстана // Казахстан и мировое сообщество. №4. 1996. 16-29 стр.
8. Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империй XIIIв. Проблемы исторической преемственности. -РосАН. Институт Росс.ист. М., Наука, изд. фирма "Вост. Лит.",1993. -278с.
9. Акатаев С. Мировоззренческий синкретизм казахов. Автореферат док. дисс. А., 1995. Стр. 38.

10. Гумилев Л.Н. Көне түркілер. А., "Білім", 1994. -381б.
11. Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. Ленинград, Наука. 1991.-320с.
12. Әмірғазин С. Дін және жауапкершілік. Монография. Астана., «Фолиант», 2002. - 192б.
13. Есім Ф. Шаманизм деген не. А., Ақиқат.1996. - N2.11-25б.
14. Бекжан О. Тоныкөк//Түркі тұлғалары. Түркістан, Тұран. 2006. 600б.
15. Алексеев Н.А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири (опыт ареального сравнительного исследования). Отв. Редактор И.С.Гурвич. Новосибирск, Наука, 1984. -233с.
16. Фирдауси А. Шахнама. Толық текст, Техеран, Қатре баспасы, 1374, 1368 бет.
17. Қашқари М. Түрік сөздігі: 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. III Том. А., Хант, 1998. 600 б.

RESUME

Jenis J. (Shymkent)

Traditional outlook and religious ideology in Turkic kaghanat

In present article deals with relations medieval Turkish governments with traditional religions. Not looking some researchers, established opinion, about positive roles of these alien ideas for Turkish societies these religions finally have destroyed medieval state created turks.

Though the governors have enabled penetration of world religion to the states and some of them has made to state ideology of kaghanats these religions finally not could stay among turks. The people hasn't accepted these ideas and remained correct to traditional belief.

Қуандық ЕРАЛИН, Зайым ӨМЕРОҒЛЫ

КІЛЕМ ӨНЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

В статье исследуются виды и особенности орнаментов в ковроткачестве тюркских народов, особенно у казахского народа. | *Makalede halıcılıktaki motifler, çeşitleri ve Türk ulusları, özellikle, Kazak ulusuna ait uygulanış hususiyetleri incelenir.*

Қолөнер шеберлерін, суретшілер мен сәнгерлерді ұлттық рухты тәрбиелеуде ою-өрнектің атқаратын ролі өте зор. Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Ою-өрнектің шығу тарихы сонау ерте заманнан ежелгі ата-бабаларымыз сақтардың мәдениетінде көптеп бейнеленеді. Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақ та, ою-өрнектер өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі тәртіппен орналасқанын байқау қиын емес. Қазақ кілем өнеріндегі ою-өрнектерді зерттеулер нәтижесінде қазақ қолөнер кәсібіндегі шығармаларда ою-өрнектердің түрі көп болғаны байқалады. Оларды 6 топқа бөлуге болады.

1. Сызық (геометриялық) бейнелі нақыштар.
2. Өсімдік бейнелі нақыштар.
3. Аң негізіндегі нақыштар (зооморфологиялық және ертегі бейнелі мотивтегі нақыштар.)
4. Космологиялық (көк жүзі – ғарыш, әлем бейнесі мазмұнына арналған нақыштар) бейнелі нақыштар.
5. Гүл бейнелі жазулардан дайындалған ою-өрнектер.
6. Таңба және рәміз (символика) мазмұнды безендірулер.

Қазақ ою-өрнектері аясында орындалған ғылыми зерттеулер көрсетіп отырғандай, ою-өрнектердің бір түрі (жай, күрделі құрамды, төрт бұрышты, шеңбер және т.б.) өте көнеден жеткен, олар дәстүрлік маңызға ие болып, қазірге дейін өнер шығармаларында жиі-жиі қолданып келе жатқан геометриялық немесе сызықтық ою-өрнектер.

Кейбір сызық нақыштар ұзақ уақыттар бойы алғашқы адамдар арасында алдымен түсінік жазу (идеография) түрінде болды. Көне замандарда сұлбалық (схемалық), шарттылық ыңғайында қолданылған ою-өрнектердің қарқынды дамуы алдымен нақты ғалымдардың геометрияның, алгебраның, арифметиканың және т.б. ғылым саласының жалпы дамуымен байланысты болған.

Сызба бейнелі нақыштың әр қилы түрлері қолға алынып, сарапталғанында құпиясы ашыла бермек. Бұл нақыштардың қолданылмайтын орны жоқ. Сызбалы ою-өрнек негізі және бастау атаулары да геометриялық пішіндерден алған.

Өсімдік ою-өрнектері қазақ кілем өнерінің келбетінде кеңінен

таралған нақыш түрлерінің бірі. Бұл өрнектер қазақ халқының табиғаты, топырақ, өсімдік, табиғат, дала көріністерімен тығыз байланыста болғанын көрсетеді. Гүл және жапырақ ою-өрнектері әр қилы кілемдер бетін әшекейлеуде кеңінен қолданылған.

Симметриялық қалыпта дайындалған, өсімдік ою-өрнектерінің ең басты ерекшелігі – олардың беттеріне салынған гүл – күлтелері және жапырақтар. Бұлар – ұлттық қазақ өнерінде дәстүрге айналған құбылыстар.

Өсімдік тектес өрнектер кілемдермен қатар жүн қалылар, қамзолдар, бешпент, шапан, аяққап, текемет, сырмақ, білезік және т.б. бұйымдардың беттеріне қолданылады.

Далада дамыған аң бейнесінің Орта Еуропа және алдыңғы Азияға дейін таралуы және ұзақ дәуірлерге созылып сақталуының мәні бар. Нежат Диарбекирменің «Ғұн өнері» кітабында да, Ж.Фразер мырзаның үлкен еңбегі «Алты бұтақта» да аң бейнесінің алғашқыда кейбір сүйектермен бірге қолданыла бастағаны жазылған.

Түркі халықтарының тотемдік нанымдарында тәңірлік аң – бұғы, аққу және өгізді құт деп есептейді. Қазақ кілемдерінде жиі байқалатын қошқар мүйізді ою-өрнектер ғасырлар бойы түркі тайпалары тарапынан қалы кілем, киіз және т.б. төсеніштер мен жаймаларда кеңінен қолданылған.

Космологиялық (аспан әлемімен байланысты) нақыштар қазақтардың мәдениетінің өте ерте дәуірлерден басталғандығын көрсетеді. Бұл ою-өрнектердің негізі ғарыш, аспан, күн, ай, жұлдыз барлық кеңістік пішіндерін көрсетеді.

Ғарыш әлемімен байланысты ою-өрнектердің кең қолданысқа түсу себебі халықтың бұл әлемге сенімінің күшті болғанын көрсетеді. Халық күн жүйесіндегі бейнелерге қарай пішін мен атау беріп, ғарыш әлемімен байланысты ою-өрнектерді дүниеге әкелген. Қазақ кілемдерінде кеңінен таралып, қолданылатын бұл өрнектерге кемпірқосақ, күн көзі, күн сәулесі, күннің шығуы, батуы, ай бейнесі, жұлдыз сияқты аттар берілген.

Қазақстанның өнер шығармаларында көнеден бері басталып, бүгінге жеткен әр қилы пішіндегі және сюжетті жазбаларды кездестіруге болады. Өнер жазбаларының беттерінде берілген жазулар әрбір заманның безендіру элементтерімен тығыз байланысты, олармен бірге қолданылғанын айта кету керек. Қазақстанның Жамбыл аймағындағы Қордай тауларында табылған ғұн дәуіріне тән жазулар, жартастар бетінде қашалған аң бейнесінің сызбалары арасында ең көне түркі жазулары кездесіп отырады. IV-V ғасырларда есік қорғандарынан табылған алтын киімді адамның мазары көптеген жаңалықтарға себеп болды. Бұған қоса, аталған мазардан табылған төрт мың алтын бұйымның жанында күміс бұйымдар да табылған. Күміс тостағанша бетіне 26 әріптен тұратын көк түркі жазуы ойылып жазылған. Бұл бізге қазақ өнерінде жазулардың ою-өрнек тұрғысынан қаншалықты ұзақ мерзім бұрын қолданылғандығын көрсетеді. Мұндай бейнелер мен ою-өрнектер ежелгі қыпшақ кілемдерінде де кездеседі.

Қазіргі таңда Қазақстан өнер туындыларының беттерінде ою-өрнек

мазмұнында көптеген әсемдеу өрнектері мен рәміздер бар, олар өткен замандарда таңба және нақыштар болып қалыптасып, үлкен маңызға ие болған.

Дөнгелек, ұш бұрыш, крест және т.б. рәміздер бұйымдар туралы идеяны жарыққа шығармай тек олардың шын мағынасын көрсету мақсатында пайдаланылған.

Қазақстанның өнер шығармаларында ежелден бастау алып, бүгінге жеткен әр қилы пішіндегі сюжетті, ежелгі ел көріністерін бейнелейтін жазбалардан кездестіруге болады. Ежелгі өнерге жататын жартас беттерінде берілген жазулар әрбір заманның көркемдік ойымен тығыз байланысты және олармен бірге жүргізілгендігін айта кету керек.

Бұл жазу дәстүрі бүгінгі таңда қазақ өнеріндегі көркемдік элемент ретінде қолданылуда. Қазіргі кезде қыздардың жасауы үшін тоқылған және оларға сыйға берілген кілемдерде де бұл жазу ғұрпы сақталып келеді.

Бұл жазуларда анасы мен әкесінің тілегі мен сәлемдері, жасалу тарихы, баланың саны жазылады. Бұған қоса Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кешенін тұрғызғанда жазулардың безендіру элементтері ретінде қолданылғандығы баршаға аян.

Қазақ қолөнерінің негізгі арқауы ою-өрнек өнері екені даусыз. Өнер зерттеушісі В.Чепелов: “Қазақтар өрнек өлкесінде өмір сүретін секілді, – деп жазғандай, өрнек байлығы шексіз де қолдану шеңбері шетсіз екендігін көрсетеді.

Кілем өнеріндегі қолданылатын ою, жайдан жай ойыла салған нәрсе емес, ол табиғат пен тұрмыстағы әдемі көріністерді астарлап, оны ою-өрнекке түсіру арқылы шебер өзінің дүниеге деген көзқарасын, философиялық ойын, эстетикалық сезімін білдіре алған. Әр ғасырда сансыз шеберлер өткен, солардың сұлу сезім, тапқыр ойымен өз ұрпағына қалдырған мұрасынан бізге келіп жеткен ең үздігі осы кілем бетіндегі ою-өрнек өнері.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ильев Г. Казахский орнамент. А., Өнер, 1989. 120 б.
2. Ғалымбаева А. (Сост. И.Рыбакова) А., Өнер, 1989. 143 б.
3. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. А., 1982 Өнер, 1982. 284 б.
4. Ералин Қ. Қазақстан көркем мәдениетін зерттеу. Шымкент ХҚТУ, 1995. 32 б.
5. Парлак Т. Дәстүрлі қазақ қалы өнері және тіка арал аймағы қалы тоқу өнерін дамыту жобасы. Анкара, 2002. 340 б.
6. Марғұлан Ә. Қазақ қолөнері. А., Өнер, 1986. 368 б.
7. Ибраева К. Казахский орнамент. А., Өнер, 1994. 185 б.
8. Diyarbekirli N. Hun Sanati. İstanbul, 1972, shf. 187.

RESUME

Eralin K., Zaiymogly O. (Turkestan)
Features of ornaments in art carpet

In article it is investigated kinds and features of ornaments in Carpet of quality Turkic peoples, it is especial at Kazakh people.

Манасбай ҚОЖАНҰЛЫ

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚ
ШЕЖІРЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАҢБА АТАУЫ ХАҚЫНДА

В статье рассматривается лингвистическая роль тамги как вида носителя информации, ее особенность. Сделан анализ нескольких видов тамги, указаны виды тамги которые встречаются у казахских племен и родов.

Makalede damganın dil fonksiyonu, iletişim, bilgi dağıtım özelliği sözkonusudur. Türk halklarında birçok damga adları incelenir ve Kazak boyları damga şeması çizilir.

Қазақ халқының тарихи және ұлттық дүниетанымының қалыптасуында белгілі рөл атқарған, тарихи-мәдени және рухани мұра ретінде зерттелмей келе жатқан құндылықтарымыздың бірі – бүкіл түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының таңбасын лингво-мәдени тұрғысында зерттеу, бүгінгі таңда қазақ тіл білімінің актуальды проблемаларының бірі. Себебі, кез келген шежіредегі таңбаның өн бойында белгілі бір ұлт пен ұлыстың, тайпа мен рудың арман-мақсаты жатады.

Ортағасырлық тарихи жәдігерлер мен түркі халықтарының шежіресінде түркі тайпаларының таңбасын көрсеткен деректер мол сақталған. Мысалы, М.Қашқаридің «Диван луғат-ит түрки» (Түркі тілдер сөздігі), Рашид ад-диннің «Жамих ат-таварих» (Халықтар тарихы), Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркімен шежіресі», Қазақ шежірелері т.б. ондаған тарихи жәдігерлерді сонымен қатар, Қытай деректері мен Моңғолия, Сібірдегі байырғы түрік руникалық ескерткіштері мен барықтарда (ғибадатхана), жекелеген түрік руникалық майда жазуларда, ежелгі сақ (скиф), ұстындарында қашалған, жазылған мыңдаған таңбалар ұлттық құндылықтарымыз ретінде атауға болады.

Сондай құндылықтардың бірі – Осман Ақчокралының Қырымдағы сарайлар мен халық арасында сақталған таңбаларды құрастырған «Қырымдағы татар таңбалары» атты еңбегі. Автор оны 1926 жылы жазып, Одессадағы Консул Ферид Текке тапсырғаны белгілі. Осы еңбек туралы тарихи деректерге сүйенсек, ол ұзақ уақыт Баязиттегі қалалық кітапханада сақталып, кейін жарық көрген. Осман Ақчокралының осы еңбегі туралы және қырым татарлары таңбасы хақында Исмайл Отардың мақаласы жарияланса, ал башқұрттардың таңбасын жинақтап Д.Н.Соколов 1904 жылы Оренбургта жариялады.

Қазақтың ру тайпалары туралы таңбаларын А.Левшин, Ш.Уәлиханов, А.Харузин, Л.Майер, Н.Гордеков, Н.Аристов, М.Тынышпаев, С.Аманжолов т.б. ғалымдар жинақтап, ол туралы ғылыми-тарихи болжамдарын ұсыныстары мен тұжырымдарын жасағаны баршаға белгілі. Сонымен қатар, байырғы түркі руникалық алфавиттің шығу тегін таңбалармен байланыстыра

сөз еткен Н.А.Аристов, Д.Н.Соколов, Н.Малицкий, А.Ж.Эмре, Ғ.Мұсабаевтардың зерттеулері таңбатануға қосылған үлкен үлес. Кейінгі жылдары “Ана тілі” газетінде жарық көрген қазақ шежірелері туралы материалдарды жинақтап жүйелеген Ж.Бейсенбаевтың «Қазақ шежіресі» атты кітабында ру, тайпалар таңбалары да назардан тыс қалған жоқ.

Қазақ ру-тайпаларының таңбаларын ғылыми айналымға түсіріп, оның қыр-сырын ашуға талпынған ғалымдардың ішінде түрколог-ғалым С.Аманжоловтың [1.12-14] еңбегі аса зор. Ол ру, тайпалар таңбасы арқылы қазақ халқының тарихы мен тайпаларының шығу тегін қарастыруға жол көрсетті. Міне, осы ғылыми әдістеме соңғы жылдары Ө.Жәнібеков, С.Кенжеахметұлы, А.Мектептегі, Т.Омарбеков пен Х.Ғабжалиловтың зерттеу еңбектері мен мақалаларында көрініс тапты [2.26-27; 3.93; 4.78; 5.32-49]. Бұл талпыныс ұлтымыздың жасаған рухани құндылықтарын тереңдей зерттеп білуге, оның қыр-сырын ашуға септігін тигізетіні сөзсіз. Осылайша таңбатану ғылымы жаңа кезеңін бастады.

Таңбаның нышандық (символика), рәміздік атқаратын ролі мен оның құқықтық реттеу, үйлестіру міндеті, әлеуметтік, саяси ролін анықтау сонымен қатар таңбаның шығу тегі (семантика), мән мағынасын ашу және таңба арқылы тайпалардың шығу тегін, олардың динамикалық бірігу, бөліну қозғалысын анықтау, ол өз алдына жеке-жеке зерттеулерді қажет ететін тілдік, тарихи проблемалар.

Біз, бұл жерде оқырман назарына таңбаның тілдік қызметін, ақпарат беру (коммуникация), тарату ерекшелігін сөз етпес бұрын, оның 2000 жыл бойы ат қойылып аталып келген атауын анықтап, атқарған ролін көрсетуге қатар, соңғы кезде таңба туралы жазған ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ғылыми әдебиеттерде жарық көрген таңбалар кестесін беруді де жөн көрдік.

Түрік этносының соңғы екі мың жылдық тарихында таңбаның бірнеше атауы тарихи деректерде сақталған. Сонымен:

1. «belgü»-таңба б.з. 751 жылы Біріккен түрік қағанатын орнатқан Ел – етміш Білге Тұр-айын қағанның I ескерткіші Тес ұстынына байырғы түрік әрпімен қашалып жазылған. Онда: «...el esir ilgerü qondu. *belgüsin*, bitigie buurtu» (Ел тағы ілгері қонды. Белгісін, жазуын бұнда ұрды.) (Тэс II.3) – деп жазылған [6.26-27]. Онымен қатар 753 жылы тұрғызылған Теркіе ескерткішінде де «byu jullyg tümen күнlig bigitimин *belgümin* bunta jaşu taşqa jaratdym» (Мың жылдық түмен күндік жазуымды, белгімді мұнда жалпак тасқа жараттым (шектім), – деп жазып, ұстынға деген таңба қашап қалдырған [6.42-43]. Қазіргі қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар тілдерінде «belgi» сөзін қолдануда.

2. «tuуraу» – таңба.

Байырғы түрік әрпімен жартас бетіне б.з. VII-VIII ғасырларда жазылған. Жартас Моңғолия Ховда аймағының Уенч сұмының (өлке), Яман – ус атты жердің Ханан – хад (кереге жартас) деген тасына қашалған. Бұл жер Моңғол Алтай тау жотасы. Онда: «temçin tuуraу urtum» (Темчин таңба ұрдым).

– деп жазып 𐰽 деген «орақ» таңба қашап қалдырған [7.205-208].

А) «tuуraу» (МК.I 462) – таңба.

М.Қашқари бұл атау туралы «Түріктер бұл сөзді білмейді, мен де білмеймін», – дей келіп, бұл сөзді тек қана оғыз тайпасы қолданатынын нақтылап жазған [8.462]. Бұл туралы В.В.Бартольд: «Автор монгольской эпохи Ибн аль - Муханна приводит вместе на одной и той же странице, слово ярлык и *тугра*, ни известно, что слово тугра и потом употреблялись только сельджукскими, после них османскими турками и совершенно не было известно в Средней Азии. Вопрос о происхождении этого культурного слова, принесенного огузами в Западную Азия и совершенно неизвестного другим туркам, представлял бы большой интерес для историка» [9.102] – деп жазады.

Б) Рашид ад-диннің «Жамих ат-тауарих» шежіресінің Британ музей қолжазбасында «Оқ tuуra оуuzbiz» (Оқ таңбалы оғызбыз) [10] деген сөйлем сақталған.

В) Бүгінгі Түркия түрікшесінде «tuуra».

Жоғарыдағы таңба сөзіне қатысты тарихи мәліметтерге назар аударсақ, онда «Тұғрағ» сөзі тек қана оғыздар арасында ғана сақталып қалған деген жоғарыдағы деректер шындыққа жанаспайтын секілді. Себебі, б.з. VII-VIII ғасырларда бүгінгі Моңғол жерінде, яғни Моңғол Алтай таужотасын мекендеген Көк Түріктер бұл сөзді жақсы білген, әрі күнделікті өмірде қолданыста болғанына көзіміз жетіп отыр. Олар өшпестей етіп бүкіл бүтін бір жартастың бетіне қашап тұрып, жазып қалдырыпты.

Бұл атауды XII-XIII ғасырларда Моңғол империясы қабылдап алып, күміс ақшасының атын «тугрук» деп атапты [11.1493]. Сөйтіп, заман-уақыт өте бұл сөз моңғол арасында «tögrüg» (төгрөг) болып өзгерген. Бүгінгі күндері моңғолдар негізгі ақшасын «төгрөг» деп атайды.

З. «tamуa» – таңба

а) Б.з. 732 жылы тұрғызған Күлтегіннің киелі кешеніндегі ұстында: «Түргеш қағаннан Мақараш таңбашы, (10) оғуз – Білге таңбашы келді» (КТ.II.13) [12.190].

б) «Tamуa» (Chaust.L) – V-VII ғғ. Дунхуаннан табылған IX ғасыр мұрасы. Байырғы түрік әрпімен жазылған. ThS. III фрагментте; Яр-хата қаласының қирандысынан табылған TT-I фрагментте (TT.II29); TT.V шифлі, уйғыр әліпбиімен жазылған будда мәтінінде (Берлин коллекциясы) (TT.V.A53) IX-X ғғ; Құтадғу біліктің Наманған нұсқасында (QBN. 86₁₂; 214₁₂; 241₁) – XI ғ. М.Қашқари еңбегінде (МК.I.424) – XI ғ. Моңғолдың күпия шежіресінде (МНТ.§. 120) бұл атау жазылып сақталған.

в) 1326 жылдары Кебек ханның заманында Сырдария маңындағы түріктер ханның мөрін «Ал тамға» деп атайтыны туралы Ибн Баттута жазып қалдырған [9.162].

г) XIV ғасыр мұрасы Мухаддимат ал-адаб сөздігінде түрікше Моңғолша «tamуa» [13.339].

д) қазіргі моңғол [14.518], түрк [15.325], өзбек [16.553], татар [17.377,729-730] тілдерінде «tamуa», «damуa», қазақ тілінде «таңба» [18.615].

4. «mühür» ~ «mög» – таңба. XIV ғ. мұрасы Мухаддимат ал-адаб [13.339] Османлы империясы заманында түрік тілінде, қазіргі түркі тілінде «mühür» [15.616], қазіргі қырғыз тілінде «möög» [19.553], қазақ тілінде «mög» [18.467] моңғол тілінде «mög» (i3) [14.313]. Фонетикалық өзгерісі mühür ~ möög ~ mög.

Сонымен, тіліміздегі таңба (термин) сөзінің тарихи атауы туралы деректерге хроникалық талдау жасағанымызда, төмендегідей кезеңдерді байқауға болады.

1. belgü ~ belgi атау ретінде б.з. VII-VIII ғғ. бастап қолданыста болғаны;

2. tuуғау ~ tuуға атау ретінде б.з. VII-VIII ғғ.

3. tamya ~ таңба атау ретінде б.з. V-VII ғасырлардан бері.

4. mühür ~ möög ~ mög атауы XIV ғасырдан бері тарихи деректерде белгіленіп, бізге жетіп отыр. Бұл төрт атаудың таралымы шамамен шығыс Хянған жотасынан, батысы Жерорта теңізі, Еуропаға дейінгі кеңістікте өмір сүрген түркі, моңғол халықтарының арасында қолданыста болған. Сонымен қатар, қазіргі күнге дейін Алтай тілінің түркі, моңғол тобының көптеген тілдерінде дерлік сақталған.

Ал ескерткіштер мәтіндері жағынан алып қарайтын болсақ, олар төмендегідей: tamya, tuуғау, belgü атаулары б.з. V-VIII ғасырларда ру, тайпалардың таңбасын атайтынын көрсетумен қатар, VIII ғасырда қағанаттың хатқа басар, куәландыратын мемлекеттік белгісі, таңбасын «belgü» деп атайтыны жоғарыдағы Тэс, Теркін мәтіндерінде айғақталады.

Таңбаның mühür ~ möög ~ mög атауы XIII ғасырдан кейін түркі халықтарының арасында қалыптасқан сияқты. Өйткені Mühür ~ mür сөзінің шығу төркіні мен беретін мағынасы (семантикасы) моңғол тілінде “із, тап, жол, белгі, іс қимылды аяқтағаннан кейінгі куәлік сияқты” мағынаны береді. Уақыт өте келе, бұл атау Моңғол империясынан кейін түркі халықтары арасына таралған, сөйтіп, таңба сөзінің түркі халықтарының арасындағы негізгі түркілік атаулары алғашқы үшеуі болған деген ой-пікірге жетелейді.

Жалпы түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының дүниетанымының қалыптасуында таңбаның үлкен рөл атқарғаны сөзсіз екені белгілі.

Таңбаның қоғамдағы алатын орны туралы ғалым А.Мектеп-тегі «Таңба-қоғамдық дамудың интеллектуалдық қуатын, ойшылдық өріс қабілетін, даналық тұғыр деңгейін танытатын қасиетті нышан, ұлттық зерделеудің рәмізі. Қазаққа тән ортақ таным-түсінік, өзін-өзі құрмет тұтудың, елдік мұрат-мүдденің, арман-аңсардың, ерлік-өжет рухтың, айбыны мен айдынын бейнелейтін кілтті түйіні – таңба.

...Таңба – қоғамдық қарым-қатынас құралының айрықша стратегиялық түрі», – деп жазса, ал С.Кенжеахметұлы: «Әз-Тәукенің «Жеті жарғы» заңында «әр рудың, тайпаның, аталықтың өз таңбасы болсын» деген жеке тарауы бар дей келе, белгі, таңба бұрыннан салт ретінде қалыптасқан», – дейді.

Қоғам қайраткері Ө.Жәнібеков өз зерттеулерінде қазақ рулары мен

тайпалары, жүздерінің таңбалары туралы: «...Рулық-тайпалық белгі – таңбалар да өз алдына ерекше болған. Мәселен, қыпшақтардың таңбасы қос әліп – араб жазуының қосар алынған алғашқы әрпі, қоңыраттарда – босаға, наймандарда – бақан, дулаттарда – шылбыр, арғындарда – көз, алшындарда – айырық, шымырларда – айшық. Қаңлылар өз таңбасына – шылбырды, адайлар – садақты, шектілер – жебені қабылдаған», – дейді. Демек, қоғамда ру, тайпаның өз алдына елдіктерін білдіретін жеке-жеке таңбасы болғаны анық көреміз.

Осы орайда, өз алдына елдіктерін білдіретін жеке-жеке ру, тайпаның таңбаларын алғашқыда салт ретінде қалыптасқан деп қарасақ, бұл таңбалар қай рудың адамы екенін білу үшін өлгендердің басына қойылатын құлпытастарға, сондай-ақ, сонау ерте заманнан қоныстас, аралас-құралас көшіп-қонып жүрген ру-тайпалар араласып кеткенде немесе барымтаға ұшыраған малдарын айырып алу үшін малдарына салынғанын көруге болады. Сонымен жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: таңба-әріп, жазу, малға басылатын белгі, мөр ретінде қолданылумен бірге ақша және лауазым орнына да жүрген деген пікірді айтуға болады.

Тіліміздегі рулық белгінің мән-мағынасын анықтауда салғастыра зерттеудің қажеттілігі туралы Ө.Жәнібеков: «Рулық белгілердің аражігін ажыратып, зер сала зерттеп, оларды өзімізге мәлім жазба және басқа да ескерткіштерден белгілі деректермен егжей-тегжейіне дейін салыстыра отырып, қазақ ру-тайпаларының тектік құрамын, шұғылданған кәсібінің сипатын, тарихтағы алған орнын анықтауға болар еді. Мысалға алсақ, қоңыраттардағы «босаға» жерге, қонысқа, тұрақты мекенге деген ықылас-құштарлықты бейнелеп қана қоймай, осы тайпаның жартылай отырықшы болғандығын аңғартады. Халық арасында кең тараған «Қоңырат болсаң, босаған берік болсын!» деген нақыл сөз де осыдан қалған», – дейді.

Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында қыпшақ тайпасының таңбасы: «Әліп таңба Қыпшақтың,

Атағы озған алаштан» (77-б), – деп жырланған.

Ғалым Ш.Уәлихановтың «Қазақ шежіресі» атты мақаласында: «XV ғасырда атамекенінен ауып (босып), туыстық жағынан біріккен жақын рулар бас сауғалап, жаңа жерлерге келіп, тек келіп қана қоймай, өздерінің рулық-тайпалық патриархалды әдет-ғұрпын ала келіп, тұрғын халықтармен мидай араласып, әлсіздері әлді руларға қосылып, ірі-ірі жүз, ру, одақтар құрылғаны байқалады», – деген пікіріне сүйенсек, өздері қосылған елдің таңбалық белгілерінің қабылдануы нәтижесінде, қазіргі рулардағы ру-таңбалық белгілерінің қайталануы әбден заңдылық екендігін көруге болады.

Осы орайда, қазақтың ру, тайпаларының таңбалары туралы ғалым С.Аманжоловтың схемасын негізге алып және соңғы кезде жарық көрген әдебиеттердегі материалдарды пайдалана отырып, қазақтың ру-тайпаларының таңбаларын кесте арқылы ұсынып отырмыз. Сонымен:

Қожанұлы М. Түркі халықтары, оның ішінде ...

| № | Ру аты | Таңбасы | Белгісі (суреті) | Ісі жүз |
|-----|--------------------------|------------------------|------------------|----------|
| 1. | Қаңлы | шылбыр, көсеу | ⚡ ⚡ | Ұлы жүз |
| 2. | Сарыүйсін | ашамай, абақ | ☐ X | |
| 3. | Дулат | дөңгелек, абақ | ○ ○ | |
| 4. | Ысты | көсеу, шылбыр | ⚡ | |
| 5. | Ойық | көсеу, көз | ∞ | |
| 6. | Тілік | көсеу | — | |
| 7. | Сыйқым (Сикым) | дөңгелек, бұрыш, көсеу | L ♀ ♀ | |
| 8. | Жаныс | дөңгелек, ілмек | > ○ → | |
| 9. | Ошақты | тұмар | ▽ △ | |
| 10. | Албан (Абдан) | дөңгелек | ○ ♀ | |
| 11. | Бекболат | | ⋈ » | |
| 12. | Сіргелі (Ойсыл) | сірге, құрай | ⋈ ⋈ ⋈ ⋈ ⋈ | |
| 13. | Жалайыр | тарақ | ⋈ | |
| 14. | Шақшам | жебе | | |
| 15. | Шанышқылы | қолтаңба | ⋈ ↓ ↑ | |
| 16. | Бестамғалы Бестаңбалы | | ⋈ | |
| 17. | Шымыр | айшық | ♀ ♀ | |
| 18. | Шапырашты | ай, тұмар | ♀ ▽ ♀ ♀ | |
| 19. | Шынқожа | | ♀ | |
| 20. | Қоралас | | ♀ | |
| 21. | Суан | дөңгелек | ○ ○ | |
| 22. | Ботбай | дөңгелек | ○ ♀ ♀ | |
| 23. | Сәмбет | | ♀ | |
| 24. | Қыпшақ | қос әліп | | Орта жүз |
| 25. | Қоңырат | босаға | ⋈ | |
| 26. | Саңғыл | босаға | ⋈ | |
| 27. | Маңғатай (Маңғытай) | | ⋈ | |
| 28. | Найман | бақан, босаға, шөміш | ⋈ ⋈ ○ ♀ | |
| 29. | Бағаналы | бақан, бағана | ⋈ X ♀ X ⋈ | |
| 30. | Тарақты | тарақ | ⋈ E | |
| 31. | Жоғары шекті | жоғары шекті | ⋈ | |
| 32. | Төменгі шекті | төменгі шекті | ⋈ | |
| 33. | Арғын | көз | ∞ | |
| 34. | Матай | бөрі | ⋈ | |
| 35. | Садыр | бөрі | ⋈ ⋈ | |

| | | | | |
|-----|--------------------------|----------------------------------|-----------|----------|
| 36. | Керей | ашамай | X + □ | |
| 37. | Ашамайлы | ашамай | X | |
| 38. | Абақ | абақ | □ | |
| 39. | Уақ | бақан, ашамай | X □ ∞ | |
| 40. | Ергенекі | | ЭЕ 2(| |
| 41. | Ергенекті уақ | ергенек, ай | ЭЕ (| |
| 42. | Балталы | балта | P | |
| 43. | Қаракерей | мүйіз | Y | |
| 44. | Бура | | = | |
| 45. | Саржомарт (Ергенекті) | ергенек, ай | ЭЕ () | |
| 46. | Төре | | т т М М | |
| 47. | Мансыр | | | |
| 48. | Керейт | шылбыр, қылыш, крест | ζ λ ↑ | Кіші жүз |
| 49. | Тама | әліп, көсеу, тарақ | т т | |
| 50. | Кете | | | |
| 51. | Алшын | | Λ | |
| 52. | Тана | көсеу, тарақ, әліп | т т | |
| 53. | Қарасақал | | Λ т V | |
| 54. | Масқар | бұрыш, бақан | Y L → | |
| 55. | Беріш | тостаған, тұмар | Δ ⊙ ≥ λ | |
| 56. | Ысық (Есқали) | бақан, бұрыш | Y V | |
| 57. | Шөмекей (Шөмен) | | ∞ 1 | |
| 58. | Алтын | | λ Λ | |
| 59. | Серкеш (Шеркеш) | бақан, ілмек | Y Λ V | |
| 60. | Есентемір | бақан | Y V λ | |
| 61. | Жүй | | т | |
| 62. | Жағалбайлы (Сәду) | балға, балта, шеккіш | P T т | |
| 63. | Телеу | балға, шылбыр | Λ ζ → X + | |
| 64. | Төртқара (Қарамашақ) | | + | |
| 65. | Сунақ | | Λ | |
| 66. | Мансыр | | λ λ | |
| 67. | Алаша | бақан | Y V λ | |
| 68. | Шекті (Жаманақ) | қос ішек | → Y Y S | |
| 69. | Жаппас | түйемойын | Z Y X U | |
| 70. | Алтын-Жаппас | бұрыш, бақан, шылбыр | ζ Y L | |
| 71. | Таз (дар) | садақ, қамшы | ← ζ S | |
| 72. | Әлім (ұлы) | | ∞ | |
| 73. | Табын | тарақ, көсеу, шөміш, тостаған | т 9 т 0 | |
| 74. | Арғын | | ∞ | |

| | | | | |
|-----|---|-----------------|-------------|--|
| 75. | Терістаңбалы (Терістамғалы) табын | | ○ | |
| 76. | Рамадан | шөміш | ♀ ♀ | |
| 77. | Қызылқұрт | | IV II VI | |
| 78. | Абдан (албан) | | ∅ | |
| 79. | Оңтаңбалы (Оңтамғалы) табын | | Q | |
| 80. | Кердері | тостаған | Q | |
| 81. | Адай (ядай) | садақ, оқ, жебе | IS + HV O v | |
| 82. | Байбақты | балға, бақан | YLOV T | |
| 83. | Қаракесек | | т Ω | |
| 84. | Қарық | | ∞ | |
| 85. | Қожа | | IP | |
| 86. | Төленгіт | | | |
| 87. | Келімбет | | | |
| 88. | Қаратамыр | | | |
| 89. | Жоғы | шылбыр | ⚡ | |

Қорытындылай келгенде, ұсынылып отырған кестедегі қазақтың ру, тайпаларына ортақ таңбалардың әрқайсысының ерекшеліктерін, сипатын ашу – бүгінгі таңдағы лингво-мәдениеттанудың өзекті мәселелерінің бірі болмақ.

ЛИТЕРАТУРА

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 2003, ч. I.
2. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. А., 1992.
3. С. Кенжеахметұлы. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. А., 1998.
4. Мектеп-тегі. Таңбатану ілімі және ұлттық идея (усун. бод. боғда. бодан. хан-теңрі). Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. Астана., 2004.
5. Омарбеков Т. Габжалилов Х. Ежелгі түркі, казак руларының таңбалары туралы. // "Алаш" журналы №1. 2005.
6. Сартқожа Қ. Объединенный каганат тюрков. Астана., 2002.
7. Тенишев Э.Р., Новоградова Э.А. Новые рунические надписи в горах Монгольского алтая. // История и культура Центральной Азии. М., 1983.
8. Қашқари М. Диван лұғат – ит түрк. Аударған В.Аталай. Анкара. 1978.
9. Бартольд В.В. Сочинения. Т. V. М. 1968.
10. Рашид-ад-дин. Жамих ат-тарварих. // Британ музейіндегі қолжазбаның фотокошірмесі. СССР ҒА. Шығыстану институты. ИФВ – 242, 410-412 п.п. М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана қолжазбасы. ПНС-46. 217-227 п.п.
11. Türkçe sözlük. Т. II Ankara. 1998.
12. Жолдасбеков М., Сартқожа Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. I т. Астана, 2005.

13. Поппе Н.Н. Монгольский словарь Мукаддимат ал-Адаб. Ч. I-II. М.-Л., 1938.
14. Цэвэл Я. Монгол хэлний тайлбар толь. УБ. 1966.
15. Мустафаев Э.М., Щербинин В.Г. Русско-турецкий словарь. Анкара. 1995.
16. Русско-узбекский словарь. Под редакцией Р.Абдурахманов. М., 1954.
17. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т. I СПб., 1869.
18. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов А., 1999.
19. Русско-кыргызский словарь. Под редакцией К.К.Юдахина. М., 1957.
20. Ш.Уәлиханов. Тандамалы. А., 1985.
21. Аманжолов А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 1997.
22. Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров. Қазақ шежіресі хақында. А., 2000.
23. Қазақтың көне тарихы. А., 1993.
24. Қазақ шежіресі (Дайндаған: Ж.Бейсенбайұлы). А., 1994.
25. Х.Досмұхамедұлы, Аламан. А., 1991.
26. Т.Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда., 2003.
27. Б.Қорқытов. Атырау билері мен батырлары. А., 1992.
28. Интернеттің “Шежіре” сайтынан 23.08.05 жылы алынды.

RESUME


Kojanuly M. (Astana)

**About the name tamga in genealogical Turkic peoples,
including in the annals of Kazakh people**

In article deals with feature the linguistic role as kind of a data carrier. The analysis of several kinds tamga is made, kinds tamga which are specified meet at the Kazakh tribes and sorts.

Juri TAMBOVSEV

THE ORIGIN OF THE TURKIC AND TATAR PEOPLE



Zakiev M. (The Origin of the Turkic and Tatar people - Moskva: INSAN Publishers, 2003. - 496 pages).

Tatar linguistics is developing at fast speed in the new democratic Russia. Some forbidden topics are now being discussed openly. A fair example of it is the book by Mirfatyh Z. Zakiev, devoted to the origin of the Tatar people in connection with some other Turkic peoples. Though Mirfatyh Zakiev's book deals mainly with the Tatar language and ethnical history, it also touches upon not only some other Turkic

languages (Altaj-Tuba, Bashkir, Chuvash, Karakalpak, Turkmen, Tyva, Uzbek, etc.), but also some neighbouring Finno-Ugric peoples (Udmurt, Mordva, ancient Hungarian, etc.).

It is necessary to give some starting points in order to understand M.Z.Zakiev's original, quite new and often controversial views on the development of the Tatar language and the ethnical development of the Tatars. Now, the Tatar people live on the Volga river in the centre of Russia, forming their own national republic. However, the problem is where have they come from and what was their original homeland. First of all, let's consider the classically accepted views on the problem. The name "Tatar" was known already in the 6th century among the nomadic tribes living near the lake Baikal in the Eastern Russia (Siberia). In the 3rd c. AD they began moving to the Volga river with the Huns and other nomadic tribes. Settling on the Volga river they mixed with the Finno-Ugric peoples. Later in the 7-8th c. AD the Bulgarian tribes, who were also Turks came to settle on the Volga river. In the 10th c. AD all these tribes formed a united state called Volga Bulgaria, which later perished under the attack of the Tatar-Mongolian hordes of Chingis Khan. In the 13-15th c. AD these tribes were united under the Mongolian rulers in the state of the Golden Horde. When it fell down, Tatars divided into several separate states, giving rise to different Tatar dialects: Kazan, Astrahan, Crimean and Siberian. We have considered the Siberian Tatar dialect elsewhere (Tambovtsev, 1994a, 1994b). The book under review mainly deals with the Kazan dialect of the Tatar language.

This book of Mirfatyh Zakiev is one of the series of books and articles dealing with the history of the Tatar language and the ethnic history of Tatars (c.f. Zakiev, 1995-a; 1995-b; 1995-c; 1997-d; 1996; 1997-a; 1997-b; 1998). Actually, it is only the gist of Zakiev's basic ideas on Tatar ethnical genesis and development given in this review. One should try to read this book in Tatar. In fact, it is another step of democracy in Russia that the huge book of 624 pages is published in one of the languages of Russia. I was rather surprised to read this book for two reasons: 1) new and unexpected theories on the origin of the Tatars; 2) M. Zakiev is widely known by his solid numerous books on Tatar syntax. Let's just mention the first and the last of his nine books on syntax (Zakiev et al., 1971; Zakiev, 1999). While every scholar fully accepts Zakiev's ideas on syntax, there is a strong and numerous opposition against his ethnogenetical views, among others: D.M.Iskhakov, R.G.Fahrutdinov, F.S.Hakimz'anov, F.Musin, F.Sh.Safiullin, M.Nigametz'anov, Z.L.Zajnullin, N.Fattah, F.M.Zul'karnaev, M.Zh.Sahapov, M.A.Sajdasheva, F.Battal, A.Halim, Dzh.Rahimov, M.Habibullin, R.S.Kurchakov, I.L.Izmajlov, T.T.Karimov, F.Urazaev, I.G.Sadykov (Otkrytoe, 1996a; 1996b). In the book under reviewing M.Zakiev argues that the ethnic name "Tatar" originates from two old Turkic roots "tat" -'foreign, alien' and "er" - 'people' (p.17). He, unlike other Tatar linguists, claims that anthropological, ethnical and cultural features show that the Tatar-Mongolian hordes were not the forefathers of the Tatar people. He categorically stresses that Tatar ethnic roots are much older and akin to Bulgars (p.21). It should be mentioned that many of Zakiev's followers (R.A.Jusupov, K.Z.Zinnatulina, Sh.N.Asylgaraev, F.S.Safiullina, F.Chalil, L.Shakirova, R.Nafigov, G.Ahundov, A.Ahmadullin, F.Urmanche, G.Ahunov, D.Salimova, A.Karimullin, A.Minozhedinov, S.Alishev, Ja.Sh.Sharapov, R.H.Bariev, D.K.Sabirova, etc.) support his revolutionary point of view against the classical axiom that there was a "great peoples' move" in the 4th c. AD when nomadic Mongolian people Huns gained control of a large part of central and eastern Europe, pushing the peoples of Mongolia, Kazakhstan and Asia into Europe. According to Zakiev's ideas the Turkic tribes lived in the eastern Europe long before they were led by the Huns. Actually, the mass of Turkic tribes were called Huns. He claims that old Greek authors mention the Huns as the settlers of Europe in the 2^d c. AD. They never mention that the Huns came from Asia. Zakiev puts forward the idea that the Turkic tribes moved to the West and got to Europe as a result of their fight against the Greek and Roman colonisation. Zakiev's followers are sure that he is quite correct to crash the myth of Old Turkic forming only in the first millennium BC, when the common Turko-Mongolian branch of the Altaic language family divided. He finds the traces of the common Turkic language in the languages of the American Indians Maya, who moved from Asia to America 15-20 thousand years ago. Zakiev also finds Turkic features in the

Shumerian language of 60 c. Before Christ M. Zakiev criticises those scholars who thinks that Old Turkic tribes were mongoloids. Non-mongoloid skulls found in the oldest groves of Central Asia and Altai speak against it. He does not believe that there lived any European tribes in Old Times Asia (Urmanche et. al., 1998: 21-22), attributing this skulls to the Old Turkic peoples. M. Zakiev and his followers strongly criticise the idea of several waves of settlers in the area of the Middle Volga river and the south-west Urals: first Finno-Ugric tribes, then Iranic, then Baltic, then Ugric(proto-Hungarians), then Bulgaric and at last Kypchak-Tatars. One of Zakiev's interesting theories is that proto-Hungarian never spoke a Ugric language. He refers to the ancient Arabic and Persian travellers who mentioned the people of Mazhgar speaking a Turkic language. Zakiev connects the term to the Tatar tribe of Mishar. Thus, according to him the Mishar people are not the part of proto-Hungarians, who undergone the Tatar ethnic mixture, but on the contrary, the proto-Hungarians were originally Turkic people, who later dropped their Turkic language. In my opinion, the origin of the Tatar people is still an enigma. We tried to compare different Turkic languages from the point of view of the frequency of occurrence of consonants in the sound chains by the method of Euclidean distances. The comparison of the sound picture created by the functioning of consonants in speech shows that the language of Kazan Tatars is closer to that of Turkish (3.90), Uzbek (4.37), Kirgiz (4.38) and Kazah (4.79). It is not so close to the Baraba dialect of Siberian Tatars (5.12), as one could have expected. It may be explained by Zakiev's theory: if Kazan Tatars had their origin on the Volga river and Baraba Tatars in Siberia, then surely, one should speak of Baraba dialect and Kazan dialect as of two languages rather than two dialects of one language. Actually, by the way it sounds, Kazan Tatar is also closer to Hungarian (6.83), than to such Turkic languages as Ujgur (6.84), Hakas (4.49), Karakalpak (7.50), Azeri(7.64), Altaj-Kizhi (10.20). At the same time Kazan Tatar is much closer to Hungarian (6.83), then to the other Finno-Ugric languages, e.g. Northern Mansi (15.59), or Konda Mansi (17.91), who live in the Urals. However, it is closer to Hungarian than to the Finno-Ugric languages of Volga, which are in the language contact for many centuries - Mountain Mari (12.68), Lawn Mari (11.30) and Erzja Mordva (10.53). These numbers may lead us to suppose that the sound chain of the Modern Tatar is not so similar to the Finno-Ugric languages of the Volga region as one may expect. They also show a certain similarity of Hungarian to the Turkic languages, which still waits its explicit explanations. Nevertheless, it is a fact that Hungarian is not close from the typology of distribution of consonants in its speech to the Ob-Ugrian languages.

If it really enters the Ob-Ugrian subgroup together with Mansi and Hanty, one should expect greater similarity. In fact, one can see that it is

close to neither Northern Mansi (15.91), nor to Konda Mansi (16.32). Hungarian is also far away from Northern (Kazym) Hanty (16.92). The modern state of languages cannot explain all the influences in the past, but can give certain clues to them. M. Zakiev strongly rejects the so-called Alano-Sarmatian hypothesis according to which the ancient tribes of Alans were of the Indo-Iranian origin. He points out that the linguistic material is too limited and only the Indo-European languages are considered. Analysing the ancient material Zakiev found out that they are more similar to the Turkic than to Indo-European languages. Therefore, he believes Scythians and Sarmats to be Turkic peoples. This allows Zakiev to speak about Scythian-Sarmatian roots of Tatars. He remarks quite correctly that history does not answer the question where the ancient peoples among them Avars, Hazarians, Bulgars, Pechenegs, Kypchaks disappeared to. Zakiev rightly believes that peoples may not appear from nowhere and disappear nowhere. Actually, it is the exact question I used to ask my teacher of history, who had no answer. Zakiev thinks that all these peoples kept on living on the territories where the Turkic people used to live and still live now. Zakiev argues that if Indo-Iranian tribes had really lived on these territories, they would have left more traces and peoples, not only the small group of Osetian people. There is one more argument of Zakiev: if Scythians spoke an Indo-Iranian language, why the ancient historians don't note its closeness to the Persian language? Zakiev stresses that all Scythian words should be reconsidered on the basis of the etymology of the Turkic roots. M. Zakiev gave his own explanation of all known Scythian words on such a basis. It sounds rather convincing. At the same time he does not believe Osetins to come from the Scythians. Zakiev argues that Indo-Iranians never lived on the territory of Eastern Europe. Considering the origin of Alans, Zakiev come to the conclusion the they are of the Turkic origin. He analyses the well-known Zelenchuk epythaphy from the point of view of Turkic languages and finds there more sense, rather than when it is analysed from the point of view of Indo-Iranian languages. Our investigation of the closeness of the Ossetian language to the Turkic languages on the basis of its speech chain showed the following distances: Uzbek (5.64), Kazah (6.37), Turkish (6.65) or Azeri (6.75). Actually, only Persian is closer to Ossetian (4.83), the other Indo-Iranian languages are at the same distances as Turkic, or even farther: Ossetian - Gypsy (6.07), Tadjik (6.22), Hindu (9.50), Sanskrit (10.32), Bengali (10.47), Marathi (11.08), etc. The mean distance between Ossetian and Turkic and Ossetian and Indo-Iranian languages can show, to what group Ossetian is closer. The mean distance between Ossetian and Turkic (9.19) is greater, than between Ossetian and Indo-Iranian (8.72) languages.

Nevertheless, the difference is not big enough. It may mean that Zakiev's theory has some backgrounds, though it may sound rather unusual and even strange. For comparison, let's note that the mean distance between Tatar (Kazan) and other Turkic languages is much less (6.17), while the mean distance between Tatar (Kazan) and Finno-Ugric languages is twice greater (11.92). It was not my assignment to criticise or to support Zakiev's theory. Like every theory it has weak and strong points. One should consider properly and carefully the ratio of these points. My main idea was to draw attention of the Western scholars to this new theory. It is highly recommended for discussions and assessment. References Zakiev et al., 1971 - Zakiev, Mirfatyh Z. and Kurbatov H.R. *Sovremennyj tatarskij literaturnyj jazyk: Sintaksis* [The modern Tatar literary language: Syntax]. - Moskva: Nauka, 1971 - 311 pages. Zakiev, 1995a - Zakiev, Mirfatyh Z. *Tatary: problemy istorii i jazyka*. - Kazn: AN RT, 1995. - 464 pages. Zakiev, 1995b - Zakiev M. Z. *Problemy etnogeneza tatarskogo naroda* [Problem of the ethnogenetical development of the Tatar people]. - In: *Materialy po istorii tatarskogo naroda*. - Kazan: OGN ANT, 1995, p.12-94.

Zakiev, 1995c - Zakiev M. Z. *Ob etnonime "volzhskie tatary" i "bulagaro-tatary"* [About the ethnic name "Volga Tatars" and "Bulgaro-Tatars"]. - In: *Problemy lingvoetnoistorii tatarskogo naroda*. - Kazan: OGN ANT, 1995, p.3-8. Zakiev, 1995d - Zakiev M. Z. *Etnogenez i osnovnye vechi razvitija bulgaro-tatar*. - In: *Problemy lingvoetnoistorii tatarskogo naroda*. - Kazan: OGN ANT, 1995, p. 9-27. Zakiev, 1996 - *Is there any need in Paleoturkology?* - In: *Jazyki, duhovnaja kul'tura i istorija t'urkov: traditsii i sovremennost'./ Trudy mezhdunarodnoj konferentsii v 3-h tomah, 9-13 ijun'a 1992. Tom 1*. Kazan: ANT, 1996, p. 21-23. Zakiev, 1997a - Zakiev M. Z. *Tatarskij jazyk*. - In: *Jazyki mira. Tjurkskie jazyki*. - Moskva: Indrik, 1997. - (544 pages), p. 357-372.

Zakiev, 1997b - Zakiev M. Z. *Etnojazykovaja sushchnost' alan*. - In: *Etnogenez karachaevtsev i balkartsev. Materialy "Kruglogo stola"* (sent'abr' 1994 g. Karachaevsk). - Karachaevsk, 1997, p.12-22. Zakiev, 1998 - Zakiev M. Z. *Toerki-Tatar etnonijasena keresh*. - In: *Voprosy funkcionirovanija, dialektologii i istorii tatarskogo jazyka*. - Kazan: ANT, 1998, p. 9-25. Zakiev et al., 1995 - Zakiev M. Z., Alishev S.H. *Vvedenie* [Introduction].

In: *Materialy po istorii tatarskogo naroda*. - Kazan: OGN ANT, 1995, p. 3-11.

Zakiev, 1999 - Zakiev, Mirfatyh Z. *Tatarskaja grammatika. T.3. Sintaksis*. [Tatar grammar. Vol.3. Syntax]. - Moskva: Insan, 1999. - 510 pages.

Otkrytoe, 1996a and 1996b - *Otkrytoe pis'mo dejatelej nauki i kul'tury Tatarstana Prezidentu Respubliki Tatarstan M. Shajmiebu*. - 1996a: *Kris*, 1996, 17 maja; 1996b: *Altyn Urda*, # 15 (85), maj 1996.

- Tambovtsev, 1994a - Tambovtsev, Yuri Dinamika funkcionirovanija fonem v zvukovyh tsepochkah jazykov razlichnogo stroja [Dynamics of phonemic functioning in the sound chains in languages of different structure]. - Novosibirsk: Novosibirsk university press, 1994a.
- Tambovtsev, 1994b - Tambovtsev, Yuri Tipologija uporjadochennosti zvukovyh tsepej v jazyke [Typology of orderliness of sound chains in language]. - Novosibirsk: Novosibirsk university press, 1994b.
- Urmanch et al., 1998 - Urmanche, F. I. and Mahmutov H. Sh. Academic Mirfatyh Zakiev. - Moskva: Insan, 1998. - 448 pages.

Сержан ДҮЙСЕН

ҰЛЫ МҰРАНЫҢ МОНОГРАФИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ
БІРЕР СӨЗ



Р.Сыздықова. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Алматы: «Сөздік-словарь», 2004. -552 б (34.5 б.т.).

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының рухани мәдениетінің қалыптасуында елеулі із қалдырған Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмед Йассауи «Хикметтерінің» тілдік ерекшеліктері туралы академиялық басылым жарияланды. Авторы – филол. ғыл. докт., проф., ҚР ҰҒА академигі Р.Сыздықова. Монография ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тапсырысымен орындалған.

Кітапта «Хикметтер» тілінің лексика-фразеологиялық құрамы, семантикалық-синтаксистік құрылымы, морфологиялық құрылысы, фонетика-фонологиялық жүйесі, поэтикалық бітімі, ырғақ, ұйқас өлшемдерінің бірліктері зерттеу жұмысына арқау етілген.

Монография «Алғысөз», «Кіріспе» және төрт тараудан тұрады. «Хикметтер» мәтініне берілген негізгі ғылыми анықтамалықтан соң, зерттеу жұмысына иллюстрациялық материал болған Самарқанд (академик К.Г.Залеман) нұсқасының *факсимилиесі* және осы нұсқада қолданылған араб-парсы, ішінара байырғы түркі лексикасының *түсіндірме сөздігі* берілген. Араб-парсы лексемаларының түсіндірме сөздігін танымал шығыстанушы, филол. ғыл. канд., доц. Жұбатова Баян түзген, жалпы көлемі – 3,5 б.т. (қар.: 4; 485-542 б.).

Көпшілік оқырман үшін кіріспе тарауында Қожа Ахмед Йассауидің өмірбаяны, суффизм ағымы, Йассауи тілінің зерттелуі, Самарқанд қолжазбасының басылымдары, «Хикметтердің» көшірме варианттарының авторлары туралы құнды мәліметтер, пікірлер жиынтықтары көрсетілген. «Хикметтер» тілін зерттеу жұмыстарының ғылыми-танымдық нысандары, бірқатар өзекті мәселелерінің бағыт-бағдары нақтыланған. Мысалы: «Хикметтердің» лексикалық ерекшеліктерін, грамматикалық құрылымын, эстетикалық құндылықтарын зерделеу; «Хикметтердің» түркі тілдерінің қайсы әдеби тіл тобына жататындығын анықтау; «Хикметтер» поэтикалық дәстүр үлгісі ретінде түркі тайпалық одақтарының (бірлестіктерінің) ауыз әдебиетіне негізделген бе, араб-парсы поэзиясының әсеріне ұшыраған ба? және т.б.

Самарқанд нұсқасының араб-парсы жазуымен берілген әліпбиінің археографикасы: ا – ā, ә; | – а, ā, е, ә; ب – б, п; ت – т; ث – с; ج – ж; چ – ч; خ – х; ح – х; د – д; ذ – з; ر – р; ژ – ж; ز – з; س – с; ش – ш; ص – с; ض – з; ط – т; ظ – з; ع

– ۋ; غ – ғ; ف – ф; ق – қ; م – м; و – о, ө, у, ү, ұ, ў; ه – һ; ي – и, и, й, ы, і, е; ك – к; ۋ – ә, а, е; ل – л; «фатха» – ә; «касра» – е, и; «алиф» – а; ۋ – е; ك – к, г; «хамза» – ’ таңбаларының жүйесі түрінде транслитерацияланған. Бұл транслитерация дыбыстар мен таңбалардың қолданысындағы фонологиялық ерекшеліктерді қорыта келгенде, ескерткіш тілінде 9 дауысты дыбыс, 20 дауыссыз дыбыс қатары барын көрсеткен. Олар мәтінді талдау, түсіндіру барысында кириллица арқылы берілген:

дауыстылар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і;

дауыссыздар: б, п, д, т, с, ч, ш, ж, з, р, қ, к, ғ, г, л, м, н, ң, ұ, й;

араб-парсы сөздерінде кездесетін әріптердің таңбалары: ف، ع، ظ، ط، ض، ص، ذ، ث، ژ، ص.

Зерттеуші шығарманың түзілу аймағының географиясын және аймақтық таралым өрісін ескере отырып, сөз басында «алиф» таңбасы арқылы берілген фонеманы ескі қыпшақ тілінің е тобына жататын, қазіргі қазақ тіліне өте жақын *ашық*, *езулік* – е дауысты дыбысы деп тұжырым жасайды. Ал ә дыбысының фонологиялық тарихына байланысты көрнекті түркітанушы И.А.Батмановтың «қазақ, татар, өзбек, ұйғыр, түрікмен, әзірбайжан тілдерінде ә дауысты дыбысы біздің жыл санауымыздың I-II мыңжылдықтарында пайда болған, яғни бұл халықтардың ислам дінін қабылдамай тұрғанда, *арабизм*, *фарсизмдердің* түркі тілдеріне енбей тұрғанында бар болған дыбыс» – деген тұжырымын қолдап, [...] – дауыстылардың саны өзге кейбір түркі ескерткіш тілдеріндегідей 8 емес, қазіргі қазақ тіліндегідей 9 болуы а – ә, о – ө, ұ – ү, ы – і жуан-жіңішкелік қатарын құрайтын 8 дауыстының үстіне жуан қатары жоқ е дыбысының орын алуына байланысты» (51 б.) деп қорытады (Ғалымның бұл пікіріне қарағанда, қыпшақ тілдері тобына жататын түркі тілдерінің сөз басында кездесетін, басты бір фонологиялық көрсеткіші болып табылатын е дыбысы кейін пайда болды деген ұғым туындайды. Бұл пікір көне-, ескі түркі жазба ескерткіштерінде сөздің алғашқы буынында кездесетін, ғылыми әдебиетте ә||e||ä||e||э графемалары арқылы транскрипцияланып жүрген дауысты дыбыстың морфонологиялық табиғатының тарихи-фонетикалық өлшемдер тұрғысынан әлі де болса нақты айқындалмағанын көрсетеді, мыс.: «бәңгү таш» [1.154] (мәңгі тас) ||beŋkü||beŋgü||meŋgü [2.94] – Д.С.). «Хикметтердегі» фонологиялық жүйенің мұнан да басқа көптеген ерекшеліктерін айқындай отырып, автор Самарқанд нұсқасындағы хикметтердің барлығының транскрипциясын берген, бұл әдіс – араб графикасымен, оның ерекшеліктерімен таныс емес зерттеушілерге, ортағасырлық түркі тілдерінде орындалған жәдігерліктердің тілдік ерекшеліктерін меңгерулеріне үлкен септігін тигізеді, мыс.:

كۈيۈ اوزدۈين كۈرۈبۈ حاليۈن اۈمتۈ
اۈيتۈ بۈيزۈ رۈسۈلۈ دۈيمۈيۈ اۈنامۈ اۈتامۈ
مۈوكۈينۈ يۈرۈسامۈ اۈيتۈبۈ ذۈكۈرينۈ يۈاۈتامۈيۈ كۈجۈيهۈ
بۈلكۈيلۈ شۈنداغۈ بۈلسۈنكۈ عاشۈقۈ اۈحمۈدۈ خۈواجهۈ قلۈ

قِيلَغِيلَ سَنَّهُمْ قِيلَغَانلَارِين نِي رَسُولَ حَقِّ
 كُورَكِيلَ اَلَهْ فُتُوخُ فَيْضُ يَغْلَبَانِ كُوبِ
 مُوكِينِ السَّامِ فُتُوخُ فَيْضُ يِرَانلَارِ اِي
 اَيْلَسَا رَحْمَ بِنْدَسِيغَا اِيكْمَ صَبْحَانِ
 بُولُورُ يَانَ بِييرُ قَشِي يَانِييبُ كُويُوبُ يَلْجِي
 كِيرَسَا يُولْكََا اَكْرَ طَالِبُ ثُوثُوبُ اِيْتَكِينُ بِييرُ
 بُولُورُ كِرْيَانُ كُوزِي اِيكِي اِيْزْلَبُ نِي حَقِّ
 بُولْمَسُ ثُويسَا ثُوئْسَه سَرِيكََا حَقِّ كِيچْمَايُ جَانْدِينِ
 دِينِ نَفْسِ (56-a)

Транскрипциясы:

1. уммәт хәлін көрүб өздин кетти / атам
2. анам демәй расул бизни айтты / кечә йатмай
3. зикрін айтыб йүрсәм мукин / құл Хожа
4. Ахмәд 'ашиқ болсаң шундағ болғыл /
5. хақ расулны қылғанларын сән һәм қылғыл /
6. көб йығлабан файз-у футух алла көргіл /
7. ей йаранлар файз-у футух алсам мукин
8. субхан игәм бәндәсыға рахм әйләсә / ічі
9. күйүб йаныб қашы берйан болур /
10. пир етәгін түтүб талиб әгәр йолгә
11. кірсә / хақны ізләб еккі көзі герйан
12. болур / жандын кечмәй хақ сәрыгә
13. түтса тойса болмас / нәфсдін (232 б.)

«Хикметтер» олардың ұйқастық (рифма), метрикалық өлшемдері тұрғысынан мән-мағыналық ерекшеліктері ескеріле отырып өлең жолдарына түсірілген. Сол арқылы қолжазбаның Самарқанд нұсқасындағы «хикметтердің» құрылысы екі жолдан тұратын ғазал және төрт жолдан тұратын байт тектес өлеңдер екендігі анықталған, мыс.:

№ 36

.....
 Уммәт хәлін көрүб өздин кетти.
 Атам анам демәй расул бизни айтты,
 Кечә йатмай зикрін айтыб йүрсәм мукин.

Құл Хожа Ахмәд 'ашиқ болсаң шундағ болғыл,
 Хақ расулны қылғанларын сән һәм қылғыл.
 Көб йығлабан файз-у футух алла көргіл,
 Ей йаранлар файз-у футух алсам мукин?

№37

Субхан игәм бәндәсыға рахм әйләсә,
Ічі күйүб йаныб қашы берйан болур.
Пир етәгін түтүб талиб әгәр йолгә кірсә,
Хақны ізләб еккі көзі герйан болур.

Жандын кечмәй хақ сәрыгә түтса болмас
Нәфсдін..... және т.б. (325 б.)

«Хикметтердің» көрсетіліп отырған өлең жолдары қолжазбада әрбір жолдан соң, шығыс әдебиетінде, жазу мәнерінде дәстүрге айналған «басмылының» (الله مسب) гүл шытыршаларына ұқсас нақышы арқылы берілген.

Зерттеуші «Хикметтер» тілінің фонологиялық, лексикалық, тарихи-грамматикалық ерекшеліктерімен қатар, оның поэзиялық болмысына бітіміне де сындарлы көзқарастар тұрғысынан анықтамалар берген. Мысалы, автордың «Хикметтер» тілінде ұйқастық үйлесім шегін нақтылайтын строфалық тіркестердің екінші сыңары болып келетін «мин-ә||сән-ә» лексемаларының қолданысы туралы айтқан «Түпнұсқадағы мән-а жіктеу есімдігін міне деп сілтеу есімдігіне айналдырып жіберу мүлде дұрыс емес» деген пікірінің мән-маңызы жоғары (113-114 б.). Автор, бұл орайда жіктеу есімдігіне қоса берілетін дыбысты (?) Ә.Нәжіптің «интерпеллятивная частица» (күшейтпелі мәнді қосымша, аффикс) деп атағанын көрсете кетеді.


Түркі халықтарының ұлы поэзиялық мұраларының қатарына жататын «Хикметтер» тілінің осы іспеттес көптеген ерекшеліктерін көрсете отырып, автор – «Ясауи хикметтерінің сөздік қазынасы мен фонетика-морфологиялық бітімі бір ғана түркі тілін былай қойғанда, бір ғана қыпшақтық немесе оғұздық, я болмаса қарлұқтық тобына жатпайды, мұнда өзге де түркі жазба есакерткіштері сияқты бұлардың барлығының да үлгілері (бірліктері, элементтері) орын алған» [...] Ясауи тілінің негізі қыпшақ – оғыз әдебиеті тілі» деп, қорытынды жасайды (192 б.).

Ұлы мұраның рухани-мәдени құндылықтарына арналған бұл еңбек туралы қысқаша берілген пікірімізді аяқтай отырып, академик Р. Сыздықоваға және Б. Жұбатоваға зор денсаулық, үлкен шығармашылық табыстар тілейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекжан О. Д. Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері. Түркістан, 2005.
2. Древнетюркский словарь. Л., 1969.
3. Қолжазбада «биз (біз)» лексемасы өлең жолында *زي* орфоформасында берілген, оның үстіне *رال* «-лар» көптік жалғауы өз алдына жеке жазылған, яғни көшіру процесінде бұл жалғау түсіп қалып кейін жазылған немесе қолжазбаны оқығанды танысушы кісілердің бірінің қолымен қойылған. Бұл жалғауды ескергенде көрсетіліп отырған сөздің толық жазылу формасы «бізні» емес, «бізлер» *رالزي* (Д. С.).

ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫ



Жуырда Түркияның астанасы Анкарада «Гази китапэви» баспасынан «Қазақ тілі грамматикасы» атты (430 бет) еңбек алғаш рет түрік тілінде жарық көрді. Авторлары – ф.ғ.к. Кенан Коч, ф.ғ.к. Аябек Байниязов және ф.ғ.к. Оғыз Доған. Осыған дейін бұл авторлар Кенан Коч, Аябек Байниязов және Вехби Башкапан үшеуі бірлесіп 2003 жылы Қазақстан мен Түркияның лингвистика ғылымында үлкен жаңалықтардың бірі болған «Қазақша-Түрікше сөздік» атты ұжымдық еңбегін Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Түркістандағы «Тұран» баспасынан жарыққа шығарған болатын. Осы еңбек өңделіп, толықтырылып Анкарада «Акчаг» баспасына сол жылы қайта басылып

шықты. «Қазақша-Түрікше сөздік» қазіргі таңда қазақ тілін үйренемін деген түрік азаматтарының, түрік тілін үйреніп жүрген ХҚТУ студенттерінің және түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың сұранысына ие. Еңбек 32 мыңнан аса сөз бен сөз тіркестерін қамтыған. Ал, біз сөз еткелі отырған «Қазақ тілі грамматикасы» атты еңбектің жалпы Түркология ғылымында алатын орны ерекше. Түркология (Түркітану) – түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, этнографиясын, фольклорын, мәдениетін, тарихын зерттейтін кешенді ғылым. Түркітану XIII ғасырға дейін шығыстану ғылымының бір саласы ретінде зерттеліп, XIII ғасырдың екінші жартысында дербес ғылым болып қалыптасты.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің батыс ғұн бұтағындағы қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай тармағына кіреді. Ал түркі тілдері ірілі-ұсақты 40 шақты туыстас халықтардың тілі және қазіргі таңда 160 млн-ға жуық адам сөйлейді. Түркі тілдері лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, құрылымдық жағынан бір-біріне өте жақын. «Қазақ тілі грамматикасы» атты еңбекте қазақ тілінің грамматикалық жүйесі сөз болады. Атап айтқанда, лингвистиканың негізгі үш саласы қамтылған: фонетика, морфология және синтаксис. Фонетика бөлімінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, дауысты және дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері ғалымдарымыздың құнды пікірлеріне сүйеніле отырып талданған. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстар ортақ латын әліппесі негізінде түсіндірілген.

Ал, екінші бөлімінде морфологиялық талдау жасаған ғалымдар қазақ тілінің сөздік құрамын, сөз тұлғасын, сөздердің түрлену, сөз тудыру тәсілдері, септік жалғаулар мен жұрнақтардың жалғану ерекшеліктеріне тоқталған. Аталған тілдік бірліктердің морфологиялық даму өзгешеліктерін

кесте түрінде жүйелеп берген.

Еңбектің үшінші бөлімі синтаксис мәселесіне арналған. Синтаксис – сөз тіркестері мен сөйлем түрлерін қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Еңбекте түрік және қазақ ғалымдарының сөз тіркестері мен сөйлем түрлеріне берген анықтамалары және оларды жіктеу кезінде көрінетін елеулі ерекшеліктерді саралай, салыстыра отырып берген. Бұл ерекшеліктердің болуы да заңды. Өйткені қазақ және түрік тіл білімінің орнығу дәуірі кеңестік кезеңге тура келгендіктен, туысқан Түркия Республикасымен саяси, мәдени, ғылыми байланыс толықтай үзіліп, екі елдің де ғылымы, соның ішінде тіл білімі, түркі халықтарына ортақ терминжасам тағы басқа мәселелер өз бетінше дамып қалыптасты. Лингвистикалық терминдеріміздің түрліше аталуына қарамастан, екі туыс тілде қолданылатын тілдік материалдардың бірдей екендігін аталған бөлімде берілген қазақша сөйлемдердің түрік тіліндегі аудармаларынан көруге болады. Еңбекте сонымен бірге сөйлем мүшелеріне де, олардың қандай сөз табынан жасалатынына да тоқталып өткен. Мәселен, «қосылғыштардың орны өзгергенмен қосынды өзгермейді» дегендей түрік тілінде де, қазақ тілінде де сөйлемдегі айтылған ойды тиянақтап тұратын сөйлемнің тұрлаулы мүшесі – баяндауыш.

Түркияда қазіргі түркі тілдері бойынша магистратура мен аспирантурада оқитын студенттер қыпшақ тілдері ішінен қазақ тілін таңдамалы дәріс ретінде оқиды. Сондықтан аталған еңбек қазақ тілі саласы бойынша ғылыми зерттеу жүргіземін деген тілші-ғалымдарға, филологтарға және қазақ тілінің логикалық-тілдік жүйесін терең үйренемін деушілерге құнды оқулық болып табылады.

Кенан Коч – түрік тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған, Қазақстанда қазақ тілінің морфология саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған. Бірнеше ғылыми еңбектердің және аудармалардың авторы. Ол да Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ Тіл үйрету орталығында жұмыс істеген.

Еңбектің авторлары – түбі бір туыс елдер болып саналатын тарихы тағдырлас түрік пен қазақтың рухани байланысының дәнекері болып, ғылыми қарым-қатынастың жандана түсуіне ерекше үлес қосып жүрген ғалымдар.

Мадина БАЙҒҮТ
Магистр

Муса Джалиль и Казахстан



Изучение богатого опыта взаимоотношений казахской литературы с культурами других тюркоязычных народов — одна из насущных задач филологической науки в Казахстане. Условно названная нами тема «Муса Джалиль и Казахстан» может определять одну из граней богатой в идейно-художественном отношении связей с казахской и татарской литератур. В зависимости от того, насколько тот или иной поэт следует принципам гуманизма, правды и общечеловеческой ценности, и определяется общественно-художественная значимость его произведений. Так сложилось, что гуманизм и героический поступок Мусы Джалиля, волею судьбы оказавшийся в фашистском застенке,

проявился в неволе, где переплелись моральная сила человека и талант замечательного поэта.

Поэт, который жил и творил в бурную эпоху тридцатых годов, оказался в центре социально-политической и культурной жизни всего Советского Союза. Нет сомнения, что Муса Джалиль знал о первой декаде казахского искусства и литературы, которая проводилась в 1936 году в Москве, слышал о народном поэте Джамбуле Джабаеве, имя которого стало легендарным в ту пору, возможно читал его стихи в переводе и в оригинале. В личной библиотеке Мусы обнаружены книги великого казахского поэта Абая Кунанбаева.

Создание художественных произведений по мотивам народного эпоса и фольклора в то время являлось важным художественным исканием национальных литератур. Драматические и эпические произведения тюркоязычных писателей и поэтов в тридцатые годы были написаны именно в традициях народной поэзии. Этой традиции верным остается и Муса Джалиль, создав либретто оперы «Алтынчэч», по мотивам народного устно-поэтического творчества.

Еще в довоенный период М.Джалиль своими произведениями утверждал чувство уважения к корням своего народа, подчеркивал свою верность прежним освободительным, гуманистическим идеям.

В истории взаимоотношений казахского и татарского народов можно отметить, что установлению и развитию литературных связей между ними в довоенную эпоху, особенно в начале XX века предшествовала огромная просветительская деятельность и плодотворное влияние татарских поэтов и писателей, таких как Г.Тукай, Г.Ибрагимов, М.Гафури и других в общественно-политической мысли Казахстана. В этом отношении

характерными являются общность просветительских и гуманистических идей двух народов, в их литературе прослеживаются общие мотивы, дидактическая целенаправленность и художественно-тематические изыскания. Познание духовной ценности татарского народа органически совпало с жизненной потребностью казахского народа, которые имели общие исторические корни.

Необходимо отметить, что нуждается в специальном исследовании Оренбургский период жизни Мусы Джалиля. По указанию татарского исследователя Лирона Хамидуллина, недавно опубликовавшего новые материалы, связанные со временем становления поэта, Муса Джалиль находился в Оренбурге когда здесь работали классики казахской литературы Сакен Сейфуллин, Мухтар Ауэзов и ученики Галимжана Ибрагимова, Беймбета Майлина. Приводятся также сведения о том, что в годы учебы в рабфаке в медресе «Хусейния» Сабит Муканов, Габит Мусрепов и Габиден Мустафин, чьи имена связаны со становлением казахской литературы, общались со многими татарскими писателями. Можно предположить, что среди них и Муса Джалиль. О том, что Муса Джалиль прекрасно знал казахский язык, неоднократно упоминается в исследованиях.

Именно поэтому правомерно тесно связывать друг с другом развитие литературы с культурной и общественно-политической жизни Казахстана и Татарстана. Исследователям предстоит задача изучения архивных материалов и, особенно, периодическую печать тех лет «Кызыл Қазақстан», «Еңбекші қазақ», «Жас қазақ» и др. Архивы Оренбурга, который являлся первой столицей тогдашней Казахской АССР, в дальнейшем частично были перенесены в Кызыл-Орду, а затем в Алма-Ату.

Несомненно, что еще в 1955 году стихи и поэмы Мусы Джалиля были опубликованы в Казахстане в виде отдельной книги, в которой, безусловно, импонировали именно те суждения, которые нашли отклик в свободолобивом сознании вчерашних кочевников. Поэтому книга сразу же имела большой успех. Между прочим, стихи Мусы еще до этого времени выходили в свет на страницах периодической печати. В их переводе принимали активное участие самые знаменитые поэты Казахстана Таир Жароков, Жакан Сыздыков, Сагынғали Сейтов, Кайнекей Жармагамбетов, Гафу Кайрбеков, а в последующие годы Сырбай Мауленов, Музафар Алимбаев, Саги Жиенбаев, Кадыр Мырзалиев, Кайрат Жумағалиев, Жубан Молдағалиев, Дуйсенбек Канатбаев и многие другие.

Об исключительной популярности имени Мусы в Казахстане может свидетельствовать тот факт, что его творчество в числе классиков мировой литературы изучалась в средних школах и вузах Казахстана, по курсу «Литература народов СССР», ныне по «Истории литератур тюркоязычных народов».

Произведения Мусы Джалиля неоднократно издавались в Казахстане. В них включены знаменитая его «Моабитская тетрадь» и довоенные стихи и

поэмы. В 1966 году вышли в свет избранные произведения поэта под названием «Соғады жүрек» («Бьется сердце»), а в 1976 году в канун семидесятилетия великого поэта издан сборник «Ерлік жыры» («Подвиг песни»). Переведены также на казахский язык его поэм «Саруар», «Едил», «Джим».

Сам факт приобщения казахского народа к творчеству Мусы Джалиля обогатил содержание казахской общественно-политической лирики. Поэт ярко демонстрирует борьбу чувств, стремится постичь в сложных драматических условиях душевную красоту и благородство, во что бы то ни стало, берет верх чувство любви к Родине, к своему народу.

Диапазон дарования поэта настолько широк, что зачастую сложные драматические переживания находит самые неожиданные образные воплощения. Поэт как бы незаметно переходит от жестокой действительности в духовный мир непокорного героя, печаль и разочарование уступают место стойкости и бунтарскому состоянию поэта, ненависть и гнев к врагу переходит в страстную любовь к родной отчизне.

Муса Джалиль не только любимый поэт, но и любимый герой художественно-литературных произведений. В казахской литературе его образ создал Жубан Молдагалиев (поэма и «Жыр туралы жыр» – «Песнь о песне»), Сырбай Мауленов («Муса Джалиль на Волхове»), Калаубек Турсункулов («Рассказ о Мусе Джалиле»), Сагынғали Сейтов («Муса Джалиль в Казахстане») и др. Создавая свои произведения – поэмы, стихи и рассказы, посвященные Мусе Джалилю, казахские писатели стремились выразить идею о высоком подвиге, моральной силе и стойкости человеческого духа.

«Жить так, чтобы и после смерти не умирать». Эти строки пророчески передают значение поэзии и подвигу Мусы Джалиля. Он выступает человеком, поднявшимся над суетой повседневной жизни, смеющим быть её судьей, обличителем человеческого зла. Таким останется он в сердцах и мыслях многомиллионных читателей, в числе которых и казахстанцы.

Д.ф.н., профессор Шакир ИБРАЕВ

Эргешбай УМАРОВ

ЕЩЕ РАЗ О ЗНАКЕ Э В РУНИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКАХ

В руническом алфавите имеется литера Э. Данный знак встречается в составе следующих слов: Э>↓ «овца», ЭУГЛ «бедный», ЭD «рассеивай», УЭ «дурной», ГЭНЧ «мало», ЭБГЧ «китай», ГDЭЧ>Б «журавль». «Встречается этот знак и в имени старого kingmaker'a и министра трех каганов, как метко охарактеризовал его В.Томсен и «мудрого советника» по его собственному свидетельству» [1.197]. В.М.Наделяев, придавая данному знаку большую значимость, посвятил ему даже специальную статью. По его мнению, «наиболее вероятным звуком, обозначенным в Орхоно-Енисейской письменности буквой, является среднеязычный щелевой назализованный й (й)» [1.212].

Мы полагаем, что руна Э обозначала долгий и:. Существование долгого и:. В древнетюркский период подтверждают «Ди:ва:ну лугат-ит турк» Махмуда Кашгарского, «Бада:и-ал- лугат» Та:ли Има:ни: Гератского и другие старые словари. В свою очередь наличие долгого и: в хакасском, тувинском, чулымско-тюркском, шорском языках подтверждает существование данной фонемы в древнетюркский период.

Древнетюркский долгий и: в некоторых современных языках, в том числе узбекском, перешел в -йи, -й. Ср. ст. узб. ки:н – совр. узб. кийин «трудно, ст. узб. ки:з – совр. узб. кийиз «кошма», ст. узб. би:з – совр. узб. бийиз «шило».

Слово Э>↓ (КТб., 54) [2.] «овца» в древнетюркский период звучало как куи:. В современных тюркских языках из-за фонетической закономерности и:>й стал произноситься как куй. Татарский язык подтверждает наше мнение: куй [3.294]. Слово ЭУГЛ (КТм., 10) «бедный» звучало чигаи:. В памятниках XIII века оно встречается в форме чигай [1.201]. Слово ЭD «рассеять» произносилось йаи:. В современном узбекском языке отмечается вышеуказанная фонетическая закономерность дал йай.

Слово УЭ (КТм., 7) «дурной» во времена создания рунических памятников звучало а:и:г. Позже оно стало употребляться как указано в будийских и манихейских памятниках, – айиг [1.205].

Слово ГЭНЧ (КТб., 34) «мало» произносилось как а:зки:я. Примечательно, что казахский язык сохранил данное слово в форме азкийя.

Этноним ЭБГЧ (КТб., 28) звучал как китаи:. Это слово стало употребляться и в форме китай.

Слово ГDЭЧ>Б «журавль» [1.209] в древнетюркский период звучало туру:йа. Современный тувинский и тофаларский языки сохранили это слово в форме дуруяа = дуруйа: [4.184,176]. Имя собственное ↓↓Э>Б (Тон, 15) звучало Туи:укук. Позже данное слово стало употребляться в форме Туйукук.

Если исходить из семантики глагола $\Gamma \gg \times D \gg \delta$ (Тон., 38) туймади «не осознал», туйук будет «сознание», «ум» [5.585].


Кашкадарьинские туйуғи йук «нет ума», туйуғсиз «безмозглый», что подтверждает наше мнение.

Тогда имя мудрого советника будет туйук «сознание», «ум» + ук – аффикс усиительности, «очень умный».

ЛИТЕРАТУРА

1. Надеяев В.М. Чтение Орхоно-Енисейского знака и этимология имени Тоньуку //Тюркологическое исследование М.-Л., 1963.
2. Примеры взяты из книги: Малов С.Е. Памятники древне-тюркской письменности. М.-Л., 1951.
3. Татарско-русский словарь. М., 1966.
4. Тувинско-русский словарь. М., 1968; Рассадин В.И. Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Уде, 1971.
5. Древнетюркский словарь. Л., 1969.

МҰСА ЖӘЛЕЛ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЛІГІ.
XXI Ғ. КӨЗҚАРАСЫМЕН



2006 жылдың 23-24 ақпан күндері Қазан мемлекеттік университетінде татар халқының белгілі ақыны, Кеңестер Одағының батыры, Ленин сыйлығының лауреаты, атакты “Моабит дәптерінің” авторы Мұса Жәлелдің туылғанына 100 толуына орай “Мұса Жәлел: шығармашылығы мен ерлігі. XXI ғ. көзқарасымен” атты халықаралық конференция болып өтті. Іс-шараға Татарстанның белгілі ғалымдарымен бірге Ресей, Германия, Түркия, Қазақстан, Башқұрстан, Чувашия елдерінің ғалымдары мен мәдениет қайраткерлері де келді. Конференция жұмыстарына М.Жәлелдің қызы Шолпан Залилова да қатысты.

Конференцияның ашылу салтанатында Татарстан Республикасының Президенті М.Шаймиев сөз сөйлеп, М.Жәлелдің өнегелі

өміріне тоқталды. Сонымен бірге Татарстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет министрі З.Валеева: «Соңғы кездердегі ғалымдардың зерттеулері ақын өмірінің жаңа беттерін ашуға мүмкіндік беріп отыр. Конференцияда қозғалатын тың ойлар, идеялар М.Жәлелдің жүзжылдығын байыта түседі деп санаймын», – деп атап көрсетті.

Жәлелтану саласы XX ғасырдағы ақтандақ беттерімен белгілі. Ақынның есімі тарих оқулықтарынан алып тасталынды, өлеңдері жасырын оқылып жатты. Онда да авторсыз немесе басқа автор аттарымен. Тек кейінгі жылдары ғана ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер жүргізіліп, айтыла бастады. Осы және басқа мәселелерді қамти келе жазушы Рафаэль Мустафин: «Ақын көзі тірісінде бірде-бір рет өзінің мерейтойын тойламапты. Ал оның атағы қайтыс болғаннан кейінгі жылдары ғана шықты. Бұл негізінен көптеген жеке тұлғалардың басында кездесетін өкінішті жағдай», – деп ойын қорытты.

Конференцияда секциялар бойынша жұмыстар жүргізіліп, баяндамалар тыңдалды. Іс-шара шеңберінде ақынның шығармашылығына арналған көрме өткізілді. Ғалымдар Қазан мемлекеттік университеті аясында М.Жәлелдің шығармашылығын зерттейтін арнайы комиссия құруды ұйғарды.

Мақсат ШОТАЕВ,
Ырысбай АБДУЖАППАРОВ

Шадыман АХМЕТҰЛЫ

МАССАГЕТТЕР ЖӘНЕ БАЯНГОЛ ЖАЗБАЛАРЫ

Ішкі моңғолдың орта бөлігіне орналасқан Барқынтаудың 𐰽𐰺𐰍 шұрайлы жайылымына арысы сақ-ғұн, берісі түркі-моңғол тайпалары соқпай кетпеген.

Барқынтаудағы елеусіз жартас бетіне қашалған 𐰽𐰺𐰍 таңбалар тобын қайсы халықтың еншісіне қалдыру былай тұрсын, не деп оқылатындығы туралы да нанымды жауап табылмады [1.425].

Гай Шанлин мырза: “Барқынтау тұрғындары оқиғаларды сурет арқылы естелікке алумен бірге таңба арқылы да жаза білген” [1.428] – деп марапаттаса, Су Бейхай аталған таңбаларды ру-тайпа таңбасы деп танып, 𐰽𐰺𐰍 таңбалардың тегін Сарғынайдан іздепті [1.421].

Меніңше, аталған таңбалар тобы “сақа мас” болып оқылады. Көзқарасым дәлелді болу үшін алдымен аталған өңірдің байырғы тұрғындары мен әрбір таңбаның қалыптасу барысына тоқталып өтуді жөн көрдім.

1. Сақтар

Сақтар парсы жазбаларында “сака”, грек тарихшысы Геродотта “скиттер” (скифтер, skythai, iskit) [2.184], Страбонда “сақтар” (sacae) аталса, Қытай жылнамаларында 塞种 [3] (sək нәсілі), 塞国 (sāk елі), 沮渠 (tsi a-gi a, сақа) аттарымен мәлім.

Заманының іргелі де, мәдениетті елдерінің бірі есебінде Үндістан, Грекия, Қытаймен терезе теңестірген осы көшпелі ұлыстың қандай жазу қолданғандығы ғылымға әлі күнге дейін жұмбақ болып келсе де, сақтардың байырғы мекені Қазақстанның Есік қаласынан табылған, бұдан 25-26 ғасыр бұрын көмілген күміс тостағандағы жазудан көк түріктердің Талас, Орхон, Енисейлерден табылған жазуларын сақ жазуының заңды жалғасы екендігін толық тұрақтандыруға негіз ете аламыз. “Есік жазуындағы” 28-29 әріптің көпшілігі түрік таңба-алфавитінде бар болып шықты. Орхон-Енисей жазуларында кезікпейтін он таңбаның Талас жазуында бар екендігі анықталды. Жазуды профессор С.Аманжолов: “Аға саған ошақ! Бөтен тізенді бүк! Халықта азық-түлік мол болғай!” – деп оқыса, Ә.Хасенов солдан оңға қарай оқып: “Сұлу шора Алтабан қызына таласушы алты ер қырылысқан су бұл” [4.100] – деп корытты.

Сақтардың парсы, грек жазбаларына түскен жер-су, кісі аттарына қайталай жүргізілген зерттеулер осы халықтың иран тілде емес, түрік тілінде сөйлегендігін аша түсті.

Егер сақ жазуында да, көне түрік жазуы сияқты, дауысты дыбыстар жазуда ескерілмегенімен, оқуда дауыссыздың жуан-жіңішкелігіне сәйкес оқылған деп жорамалдасақ, сақ сөзі “ск” болып жазылуы мүмкін. Яғни скит

атауындағы алғашқы екі әріп сақ болып оқылуы ғажап емес. Ал соңғы “-ит” үнді-еуропа тілдерінде әулет, ұрпақ мағынасын білдіретін ескілікті жұрнақ “-ид” (-id)-тің бір варианты. Ол түрік тілдерінде, көбінесе, этнонимдер құрамындағы ру-тайпа мағынасын аңғартатын “-ат”, “-ет” жұрнақтарымен шендесіп отырады. Салыстырыңыз: Караханид – қарахан әулеті, эсперанто тілінде homo (адам homido адам баласы), kamelo (түйе kamelido бота), дұғлы ат – дұғлат – дулат – тулы тайпа, чік – чікат (алтайлық түрк тайпасы) – чік тайпасы, массагет – массаг әулеті – массақ тайпасы. Міне, бұдан скит атауының сақ тайпасы (әулеті) деген сөздің өзгерген тұлғасы екендігін тұрақтандырсақ, парсы жазбаларындағы сака – сақ сөзіне селбескі дыбыс (салыстырыңыз: нақ – нақа, қас – қаса) жалғанудан жасалған сақа сөзінің дыбыстық аудармасынан басқа ештеңе емес. Қазіргі қытай тілінде saizhong, suoguo, juqi болып оқылатын сақ этнонимінің арғы көне заман қытай тілінде sək, sək, tsī a-gī a болып дыбысталуы да, сака, скит атауларымен сәйкесіп отырады.

Сақтардың аты қазақтың қарасақ, қарымсақ, саққұлы, бессақ, мұсақ, массақ руларының есімінде күні бүгінге дейін сақталып отырса, “әлімсақтан бері” деген тұрақты сөз тіркесімен жарасым тауып тұр. Сірә, Геродот айтқан сақтардың альбий тайпасы әлім (Кіші жүз), әлімбет (уақ), әлімби (башқұрт) руларымен қатысты.

2. Массақтар

Сақтардың ең күшті тайпаларының бірі массагеттер (massagetai). Этнонимді “балық жегіштер”, “ұлы сақ ордасы”, “ұлы геттер” [5.502], “балықшы юечілер” [2.187], “бессақата” [4.17] деп түсінушілер бар. Қазақ ғалымы Ғ.Мұсабаев: “Массагет деген сөздің бас сақ деген сөзден, ал соңғы гет дегені қал (қай) тайпа атауы этнонимі дегенді көптеген зерттеушілер мойындайды” [6.39] – дейді.

Түрік тілдерінде “м” мен “б”-ның орын ауысуы заңды. Бұл туралы Махмұт Қашқари: “Сөз басындағы м әрпін оғыз, қыпшақ және суварлар б әрпіне айналдырып айтады” [7.100] – дейді. Байырғы тіліміздегі “м” мен “б” ның орын ауысуын “күнбидің” ерте көне заман қытай тілінде kuəp-mī e 昆弥 болып жазылуынан да байқаймыз. Бұл құбылыс говордан ғана емес, әдеби тілден де мықтап орын алғаны белгілі. Мысалы, мауыздау - бауыздау, мейнет - бейнет, мейіл - бейіл, мекіре - бекіре, мойы - (көл) бойы, мешбет - бешбет, мұны - бұны. Сол себепті мас сөзін бас деп қараған Ғ.Мұсабаевты құптаймын. Мас сөзі бас, бет мағыналарында тіліміздегі масқап (қолқап, аяққап - ауаққап - бәтінке сөздерімен төркіндес масқап сөзінің Еуропа тілдеріне маска болып сінбесіне кім кепіл), маскара (жүзі қара, қара бет сөздерін ескеріңіз) сөздерімен де мәлім. Десе де, Ғ.Мұсабаевтың соңғы “тет” дегені түсініксіз.

Этнонимдер құрамындағы “ат”, “ет”-тер қалайда “ата”, “ете” сөздерімен қатысты. “Ете” есте жоқ ескі заманда ата (әке) орнына жұмсалуды

мүмкін. Америкадағы сиюу үндістерінің тіліндегі ате, ина (ина) [8.34] сөздерінің қазақ (әке, ене), татар (әти, әни, ина) тілдеріндегі баламаларымен үндес шығуы, тіліміздегі етене (ете-ене, ата-ана тіркесіне ұқсас) сөзі осы ойымызға арқау болса, ете сөзінің жасалу тәсілі алтай, қытай-түбіт, үнді-еуропа тілдері шоғырындағы көптеген тілдерге ортақ бірізділікпен, атап айтқанда, ба-аба-баба, ма-ама-мама, да-ада-дада, апа-папа, де-деде, же-ече-шеше, қа-ақа болып жасалатын туыстық атаулармен ұқсас. Егер Еуропа тілдеріндегі туыстық атаулардағы “ther”, “тер” бөлігін түріктік көптік сан форматы деп мойындатар болсақ, онда father (әке), mather (шеше), матери (шеше), дочери (қыз) сөздерінің де аталған ұялас сөздермен бір арнада тоғысқанын байқар едік.

Олжас Сүлейменовтың хабарлауынша, түрік тілдерімен мәдени туыстығы бар ежелгі шумер тілінде сөз алдына келетін қосымша “а” бар екен. Салыстырыңыз: мар - акадша ұл, амар - шумерше бала, бұзау, торпак, ал түрік тілдерінде мара - мала - бала - пала, күрделі сөздерде үндесуге түскен нимара - немере, шёбара - шөбере [9.223]. Сөз алдында келетін “а” оқшау тіл саналып келген қытай тілінде де (салыстырыңыз: — 阿哥 ағай, аға немесе манжу ханзадасы, — 阿爹 әкей, әкежан немесе диалектілерде атай, яғни түркітік “деде” сөзімен сабақтас, 阿爹 — мау науғылы біреудің еркелеткен есімі) “Шипагерлік баян” (лағыл - алағыл, күт - ақыт) мен “Кодекс куманикустан” (лашық - алашүк) да табамыз. Асылы, тіліміздегі апат - алапат, тұр- олтұр-отыр, арық- қарық, өр (моңғол тілінде (1) киіз үйдегі ошақ орны, (2) орталық, (3) жүрек мағыналарында) - төр сөздері де сөз алды қосымшасының көмегімен жасалған. Өкінерлігі үнді-еуропалық тіл тағлымына табынған тілгер қауым Алтай тілдеріндегі сөз алды қосымшасын мойындамай келеді. Олардың пікірінше, түріктердегі “бей”, “на”, “ба”-лар иран тілдерінен ауысқан. “Бей” мен “на” сақтардың иран тілінде сөйлегендігінің жарқын ескерткіші-міс. Шынын куғанда, тілдегі қадым заманнан қалған ортақ белгілер қайсыбір халықтың еншісінде болмастан, адамзат ұлы жанұясының атам замандардан қалған белгілері саналмақ керек.

Ата, ете сөздерінің ілкі түбірі та, те, ал олардың варианты - да, де.

“Да” (大) қазіргі қытай тілінде да және тәй болып екі түрлі дыбысталса, моңғол тілінде (1) үлкен, (2) ру басы, ұлық, төре. Салыстырыңыз: даа лам үлкен лама (ұйғыр, қазақ тілдеріндегі дамолла сөзін ескеріңіз), чуулган даа ұлық мәслихаты. Сірә, қытай, моңғол тілдеріндегі “да” сөзінің екінші мағынасынан “ада”, “ата” сөздері жасалып, бастапта ру ақсақалдарын меңзейтін лауазым болып қалыптасса, бірте-бірте ата немесе ру-тайпа мағынасына көшуі мүмкін.

Әрине, туыстық атаулар туралы басқаша болжамдар да бар. Мысалы, ақа (аға) сөзін ақ сын есімінен туындатып, оны моңғолдың ах (аға) сөзімен дәлелдеу секілді. Егер осы пікірге жүгінсек, “ата”-ны ескі түрік тіліндегі аты (туыс) сөзіндегі “ат”-тан іздер едік. Алайда деде, мама, дада сөздерінің орыс, ағылшын тілдерінде дед, мам, dad (дэд) болып қысқаруынан моңғол тіліндегі ах, ав (әке) сөздерінің төркінін тапқандай боламыз. Моңғолшадағы ажаа —

ағай, амаа – ұлы ата (апа) сөздеріндегі соңғы а-ның түсірілмеуі (ескерту: моңғол тілінде қосар а созынқы оқуды білдіреді) де ах-аха, ав-ава туралы болжамды растайды. Осылайша, этнонимдер құрамындағы “ата”, “ете”-лердің “ат”, “ет” болып қысқаруын алтай тілдеріне де тән заңды құбылыс деп таныған орынды.

Массагет – массақ тайпасы, сақтардың бас тайпасы деген мағынада. Қызығарлығы, қазақтың кіші жүзінің ұйтқы ұлысы болған алшынның байұлынан тарайтын масқарлар ішінде массақ атымен байырғы қонысында әлі де өмір кешіп жатыр.

3. Сақтар көші

Сақтардың Саян, Барқынтау өңірлеріндегі өмір іздері туралы ерте дүние еңбектерінде мардымды дерек сақталмаған. Олардың Дахатадағы (Дүнхуандағы) қонысы туралы оңтүстік-солтүстік патшалықтары тұсында өткен Шүн Жи: “赛种本允姓之戎” [10.27] – дейді. “Зожуанда” Чин Мугүн мен Жин Хүйгүнның біріккен қолының б.з.б. 638-жылы Гуажоудағы (Дахата өңірі) Юншин нұмдары (允姓戎) мен Лухүн нұмдарын (陆浑戎) шауып, оларды Хынанның Лояң қаласы маңына ығыстырғандығы айтылады. Бірсыпыра Жұнго ғалымдарының осы екі елдің алдыңғысын Нүкістердің (月氏), соңғысын қияндардың (羌, k'i aŋ) бір руы есептеуіне [11.6] негізделгенімізде сақтардың да Нүкіс одағына қатысқандығын аңғарамыз.

Нүкістер (禹氏, ŋi wo-ti e) деген атпен де белгілі. “Мутянзының өмір баянында” Хытау өңіріндегі бір жердің “Нүкіс жазығы” (禹氏之平) аталуы, [11.5] Нүкістердің Дахатаға Хытаудан барғандығын сипаттайды.

Сақ этнонимін А.И.Абаев “бұғы”, [11.158] деп түсіндіреді. Ә.Хасеновтың пікірінше: “сақ, сақа сөздері көне парсы тілінде ит тұқымдас аның аты. Көне түрік тілінде де осы ұғымды берген [4.150].” Сақ сөзінің ит екендігін саққұлақ сөзінен де аңғарамыз. Бәлкім, Жұнго тарихнамаларындағы итнұм (犬戎), маншенұм (蛮氏戎) этнонимдері сақ, мансақ сөзінің мағыналық немесе дыбыстық аудармасы-ды.

Таң патшалығы тұсында жазылған “Юяңзасу” (酉阳杂俎) атты кітапта қырғыздардың туып өскен ғарының Көкман (Көгмен, 曲漫, k'iwoк-muan) тауының оңтүстігі екендігі айтылады. Орхон ескерткіштерінде Көгмен қойнауы аталған бұл таудың қазіргі Саян екендігі даусыз. Алтай-тарбағатай өңірін б.з.б. 4-3 ғасырларда мансақ елі қоныстаған [4.13]. Мансақтардың біздің заманымызға жеткен топтары: көкман (шығыстағы ман, саянның көкман аталуы осы елмен қатысты), сарыман (батыстағы ман, қазақтың уақ, керейт тайпасы мен татар, башқұртта сарман атымен әйгілі), найман (үлкен ман немесе таңғұт тілінде қараман), қараман (терістіктегі ман).

Жоғарғы баяндаулардан сақ тайпаларының Барқынтау, Саян өңірлеріне де ірге жайғандығын аңғарамыз. Сақтардың б.з.б. 4-ғасырда-ақ Шығыс Саян

өңірін қоныстағандығын түріктердің ұйтқы тайпасы ашналардың қалыптасуына қатысты қытай жылнамаларындағы бес аңыздан да мол дерек көзін табамыз.

“Жоунама” 50-бумасы мен “солтүстік әулеттер тарихы” 99-бумасында: “түріктің арғы аталары батыс теңіздің оң жағын мекендеп, өз алдына ұлыс құрды. Олар ғұндардың бір тармағы болса керек. Науғысы – ашна. Кейін оны көршілес мемлекет талқандады да адамдарын түгел қырды. Бірақ бір он жасар ер баланы жасақтар баласынып, өлтіруге қимай аяқ-қолын кесіп, иен далаға тастады. Оны бір қаншық қасқыр ет әкеліп беріп асырады. Бала ержетіп бұл қасқырмен жақындасып, оны буаз қылды. Көршілес мемлекеттің ханы бұл баланың тірі екенінен құлақтанып, оны өлтіруге тағы адам жіберді. Жіберген адам баланың қасындағы қасқырды көріп, баламен бірге оны да өлтірмекші болды. Сол тұста, құдайдың құдіретімен бір хикмет күш әлгі қасқырды батыс теңіздің шығысынан лақтырғанда Көтеннің (高昌 kog-tiaŋ, kau-t'iaŋ, Құтан) батыс терістігіндегі тауға жеткізді. Қасқыр сондағы бір үңгірге кіріп, онда айналасы жүздеген лидер төрт төңірегі таумен қоршалған шалғынды жазық жерге кезікті. Осыдан кейін қасқыр ұл тапты. Осы ұл ержеткен соң, әйел алып бала сүйіп өсіп-өрбіді. Әрқайсысының өз науғысы болды. Ашна – солардың бірінің науғысы” немесе “түріктердің арғы аталары ғұндардың терістігіндегі сақ (索国) елінен шықты. Олардың ұлыс абасы абам бек деп аталды. Олар он жеті ағайынды еді. Оның бірі іді нышида (伊质泥师都) еді. Ол қасқырдан туды. Абам бектер тумысынан өте ақымақ болды да, мемлекеттері жойылып кетті. Ал Нышиданың табиғаттың өзгеше құбылысын сезетін қасиеті бар еді. Ол күнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді. Ол екі әйел алды. Оларды жаз бен қыс тәңірінің қыздары дейді. (Оның бірі) бір құрсақ көтеріп төрт ұл тапты. Оның бірі аққуға (白鸿) айналды; біреуі абасу (阿辅水, a-bī wa) мен кем өзендері (剑, kiwem) арасынан қырғұр (契骨, k'iät-kuë t) деген мемлекет құрды; енді бірі чатша судың (处折, t' i a-zī ät) бойынан мемлекет құрды; тағы бірі бас чатшаш тауында (跋斯处折施山, buä t-sie-t' i a-t' i ät-çi a) мекендеді. Бұл – оның үлкен ұлы еді. Бұл тауда абам бектің ұрпақтары да болды. Олар көбіне аш-жалаңаш жүруші еді. Үлкен ұлы от шығарып олардың бойын жылытты, асырады және барлығына қолғабысын тигізді. Сонымен олар үлкен ұлды қошаметтеп, өздерінің билеушісі етіп сайлады. Бұған түрік деген нәм берілді. Оның өз аты – нағыд түрік шад еді. Нағыд түріктің он әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің науғысымен аталды. Ашна оның кіші әйелінің баласы еді.

Нағыд түрік өлгеннен кейін он әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды ұйғарды. Олар бір бәйтеректің түбіне жиналды. Олар: “қайсымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады” – деп уәделесті. Ашна жасының кішілігіне қарамай бәрінен биік секірді. Сонан бауырлары оны ағын шад деген нәммен қошаметтеп таққа отырғызды.

Айтылуы әр түрлі болғанымен, бұл аңыздардың барлығының түйіні түріктің арғы тегі қасқырдың тұқымы дегенге саяды” – делінеді. Осы аңыздың толықтырылған нұсқасы “Юяңзасу” 16-бумасында: “солтүстік күлдалардың (北虜) ата-бабалары сақ елінен (索国). Нышиданың екі қатынынан төрт ұл туылыпты. Оның біреуі аққуға айналып ұшып кетерінде үш ұлына қатанға сиырға (古旃, ka-ti an) ілесіндер деп тапсырыпты” делінсе, аталған кітаптың төртінші бумасында: “Түріктердің ата-бабалары теңіз тәңірі Шымошыли екен. Теңіз тәңірі ашыды (阿氏德) ғарынын батысында тұрады” делінеді. Ал “Жоунама” 50-бумасы мен “Солтүстік Әулеттер Тарихы” 99-бумасы, “Сүйнама” 48-бумасында: “түріктің арғы аталары Пиңлянда тұратын кірме ғулар (平凉杂胡) еді. Олардың науғысы ашна. Соңғы уй әулетінің патшасы Тай-у сақаларды жойғанда, ашна бес жүз отбасымен Нөнеге жужанға кірім болды да, Алтынтауды мекендеп теміршілікпен шұғылданды. Алтынтаудың пішіні дулығаға келіңкірейді. Дулыға түрік деп те аталады. Сондықтан бұл олардың нәмі болып қалды” делінген.

Шуе Зұнжың мырза аңыздағы батыс теңізді арал, ашналарды аралдың оң жағын қоныстаған массагеттер деп есептейді. Шуе мырза Енисейдің жоғарғы ағысындағы ежелгі сақ елінің аңыз емес, ақиқат екендігін дәлелдей отырып, бұл елді арал сақтары құрғандығын, тарихи еңбектерде 呼揭, 乌揭, 呼德 аттарымен мәлім болғандығын тілге тиек етеді. Ол Худының арғы орта (中古) заман қытай тілінде hudak болып оқылуына сүйене отырып, Suoguo-hude тіркесін Saka-tigrahauda сөзінің қысқарған тұлғасы Sak-hudak деп қарайды [12.51].

Аңыздағы “аққу” қазақтың өзін аққудың ұрпағы санау дәстүрін еріксіз еске салады. Этнонимдер арғы ерте заманғы қытай тілінде хагат (ха-кі ǎt), агат (а-кі ǎt), хадак (ха-тә k) деп оқылады.

Мен хагат-қағат-қазат-каз тайпасы, агат-ағат-азат-аз тайпасы, хадак-кадзак (қадақ) – қазақ деп оқуды ұсынамын. Себебі: түрік тілдерінде “и” дыбысы “з”-ға, кейде “ғ”-ға ауысады. Мысалы, аяқ-азақ, сығыр-сиыр (сыйыр). Егер Іді Нышиданың төрт ұлынан тарайтын төрт елді аңыздағы рет-тәртібі бойынша батыстан шығысқа қарай орналастырсақ, аққуға айналған ұлдың ұрпағы қаз тайпасы (хагат) қалба, Чүй өзені (бәлкім моңғол тілдерінде қаз суы-ды) өңірінде болып, абақан мен кем арасын қоныстанған қырғұрға көрші болады. Аңыздағы Чатша суы мен Басчатша тауы белгісіз. buǎt-si е көне түрк тіліндегі батсық (батысық) - батыс сөзін еске салады. Чатша суы ангараның бір саласы чуна емес пе екен. Тезек (致支) тәңірқұттың әуелі оңтүстіктегі агатты бағындырып, агат қолын бастап батысқа шеру тартып, генгүн (坚昆, kien-kuen), түстікке жорық жасап деңлең (丁零, tien-lieŋ) елін басып алып, үш елді біріктіргендігі туралы дерекке [13.165], зер салсақ, қырғұрлардың (генгүн) шығысында агат, деңлең елдері қоныстағанына көзіміз әбден жетеді. Аңыздағы теңіз тәңірінің аз тайпасының (阿尔部)

көсемін құрбанға шалуы, аздардың (агат) Байқал көлі маңындағы бір тауға қоныстанғандығын аңғартады. Орхон ескерткіштерінде айтылатын Түргеш еліндегі Аз бен Чөллік аз, Қырқ аз (қырғыз-қырғыз) тайпалары агаттардың (аздардың) ұрпағы болуға тиіс. Қызығарлығы, “Юаннамада”: “Қырғыздар Қытайдың қырық қызымен үйленген аз (乌斯, a-sīe) жігіттерінің ұрпағы” делінеді. Міне бұдан агат пен хагаттың бір ел емес екендігін әрі қырғұр, генгүн атауларының қырғыздың дыбыстық аудармасы саналмауы керектігін байқаймыз. Генгүн, агат елдері Тезек жорығына байланысты бірігіп қырғыз ұлысын қалыптастырған. “Юаннамада” қырғыз (吉利吉斯), аз (乌斯) аттарының қатар айтылуы осының айғағы.

Хагат “魏略·西戎传” та хадак (немесе хадік) деп жазылады. Ескі қытай тілінде иероглиф жеткізе алмай тұрған хадак сөзіндегі “д” африкат дз (д, ъ, ㄗ) болмасына кім кепіл. Ол туралы Махмұт Қашқари: “яғма, тұхси, Қыпшақ, ябақұ, татар, қай, чүмүл және оғыздар барлық кезде “ѡ” әрпін “ي” әрпіне ауыстырады және еш уақытта “ѡ” әрпін қолданбайды (qayıŋ-qadıŋ). Чігіл және басқа түрік тайпаларының тілінде “ѡ” әрпімен айтылған сөздер қыпшақ, иемек, сувар, бұлғарлардан бастап орыстар мен Рүмге дейінгі басқа тайпалар тілінде “з” әрпіне алмастырылып айтылады (azaq-ađaq)” [7.101] – деп анықтама жасаған.

Орхон-Енисей жазуында африкат “ѡ”-ның арнаулы таңбасы жоқ. Бәлкім тайпалар диалектінде адақ, адғыр сөздері аяқ, азақ, айғыр, азғыр болып айтылуы мүмкін. Қазақ сөзінің қадақпен қатыстылығын оның кайсак (орысша), хасаг (моңғолша), хаса (қытайша) болып өзгеруінен де байқаймыз. Африкат “ѡ”ның құрамындағы “д” әлсіз де, “з” басым. Оның үстіне ㄗ-ның ㄗ-ға ауысуы тек африкат дз, дж-лардың ғана үлесіне тиген емес. Махмұт Қашқари түрік диалектілеріндегі “з” мен “с”-ның ауысуын да көрсеткен.

Хагат (хадак) елінің арал сақтарымен этникалық туыстығын әлімсақтан бері қазақ даласын қоныстап келген сағайлардың (苏薹) екінші бір аты 渴石 (k'ät-zīǎk) этнонимінен де аңғарамыз.

Әрине, хужиені орта көне заман қытай тілінде хугет (ху-кі ㄗ) деп те оқуға болады. Бұл ескі түрік тіліндегі кұғұ (акку) сөзін еске түсіреді. Аккуды тотем тұтқан халықтың кұғұат-кұғат-куат немесе куман, ку тайпасы аталуы ғажап емес. Алтай еліндегі ку өзенінің түріктері куман, кумандин атымен белгілі, ал қыпшақты еуропалықтар куман атымен таныған.

Орыс ғалымдары Н.Я.Бичурин мен Л. Н.Гумилевтер Қыпшақтардың б.з.б. 3-ғасырда батыс Алтайдағы Жыланды өзенін мекендегендігін айтады. Бактұқтың (冒顿) солтүстікке жасаған алғашқы жорығына байланысты айтылатын бес елдегі hunyu; 军侯 (иероглифтер арғы ерте заманғы қытай тілінде үәп-ḥiwo деп оқылады) мен qushe; 屈射 (иероглифтер арғы ерте заманғы қытай тілінде k'iwät-dzia немесе k'iwät-djau деп оқылады)

Жұңгоның соңғы жазбаларынан кезікпейді. Ал бақтұғтың екінші жорығында хагат елін алғандығы айтылады.

Оны ғұнро деп те, ғұңғыру деп те оқитындар бар. Hunyu бұрын киуеше деп оқылған. Қаһарман Мұқанұлы оны күтша немесе күтшак, [14.74] деп оқып қыпшак этнониміне балауы осы елдің көмескі тарихын аша түсті. Қыпшақтардың сақ әулетінен екендігін қыпсақ-қыпшак өзгерісінен де білеміз.

Меніңше, аққуды тотем тұтқан ғұнро (қоңыр, қоңырат, қоңырби), күтшак (күтша, Қыпшак) ұлыстары қаз атына біріккен. Қызығарлығы, қоңырат тайпасы Помпели, Мела сияқты грек оқымыстыларының назарына шошақ төбелі киыз қалпақ киген скиф (сақ) тайпалары қатарында корат атымен мәлім. Грек оқымыстысының б.з.б. 40-жылдардағы хабарында кораттар Сырдың орта ағысына, содан Иран шекарасына дейінгі алапқа орналасады. Қазақ қоңыраттары көктіңұлы, көтенші болып бөлінеді. Көктіңұлы - қытай тіліндегі 天子, ғұн тіліндегі тәңірқұт сөзін еске түсіреді. Сірә, көктіңұлы аталған ру тәңірқұттың қоңыраттарды билеуге жіберген төрелерінің тұқымы немесе б.з.б. 57-жылы тәңірқұт ордасын басып алып, өзін бір мезет тәңірқұт атаған хагат ханының нәсілі болуы мүмкін. Ал көтеншілер туралы ең байырғы дерек “тарихи жазбалар. Жоу шаңырағында” айтылған жоу бегі Жоу Шяңзының бір қатыны батыс терістіктегі тайпа күндүншенін (空同氏, k'ou-dou-zı e) қызы [15.652]. “Уейлұе. Батыс нұм баянында” үш патшалық тұсында хадак елі көгарттың (葱岭) терістігіне, үйсіннің батыс терістігіне, қаңлының шығыс терістігіне орналасқаны баяндалған [16.18]. Аталған аймақтың кораттардың тарихи мекеніне сәйкес шығуы хадактар құрамында қоңыраттардың (hunyū) бар екендігін аңғартады.

Шуе мырза сақ атауын білдіретін 索 әрпінің оңтүстік-солтүстік патшалықтары (南北朝) дәуірінде сақ елінен көшіп келген ұлыстардың тегін тектеместен жалғана бергендігін айта отырып, сәнбенің (鮮卑) тағбат (拓拔氏) тайпасының бір мезгіл сақ елінде тұруына байланысты терістікке келгесін 索头部, 索虏 түрінде мағлұм болғандығын тілге тиек етеді. Оның пікірінше: суолулар сақ елінен шыққан солтүстік ұлты да, 索头部 - saka tabyatʃ сөзінің [12.54] дыбыстық аудармасы.

Меніңше, б.з.б. 7-5-ғасырларда массагеттер құрамында болып, аралдың оң жағын жайлаған ашналар (алшындар) б.з.б. 4-ғасырда Ескендірдің жойқын жорығына байланысты шығысқа үдере көшіп Қалба, Ертіс бойларын көктей өтіп, Саян, Енисейдің жоғарғы ағысы, Байқал өңірлеріне дейін ірге жайған.

Аңызда қырғыздармен қоңсы отырған аққудың үш ұлы алшын, қыпшак, қоңыраттар болса керек. 索头 sak-do (dәu) деп оқытылатын этнонимі сақбас (массақ) сөзінің, ал суолу – сақ құлы деген сөздің жартылай дыбыстық, жартылай мағыналық аудармасы-ды. Жұңго дерекнамаларында тағбаттарды суотоу немесе суолу тайпасы деуі, әсте, тарихшының жаңсақ түсінігінен емес, қайта тағбаттардың әлсіз тұсында сақтарға кірме болып

массак, саккұлы аталғандығында.

Сактардың Нарым өзені, Қалба, Саян таулары өңірінде құрған Хагат мемлекетін б.з.б. 176-жылы ғұнның оң білге ханы жаулап алды. Аңыздағы аккудың үш ұлына қатанға ілесіндер деп өсиет айтуы тотемдік нанымдағы өзгеріс емес, билік өзгерісінен сыр шертеді. Сірә, хагатты сүбүк тайпасының аламандары жаулап алған. Сүбүк (須卜氏) - сүрбүк - сүрбүқа. Бүқа моңғолша бух (бүк), мажарша bika. Атау орыс тіліне бык болып ауысқан. Б.з.б. 57-жылы хагат ханы тәңірқұт атанып, көп ұзамай жеңіліске ұшырап, батыс терістікке қашқан тұсы хагат еліндегі алшын, Қыпшақ, қоңыраттардың ірге айырған тұсы есептеліну керек. Бұлай деудегі негізіміз б.з.б. 40-жылдары кораттар Сыр бойында отырса, Жұңго тарихшылары хагатты хадак деп жазып, олардың қонысын үйсіннің батыс терістігі, қаңлының шығыс терістігі деп анықтаған. Аңыздарда ашнаны бірде Нышиданың тұңғышы нағыз түрік шадтың (内都六设) кенже тоқалынан туғызып, Басчатшаш тауын қоныстатады. Міне бұдан ашна руының Басчатшаштың байырғы тұрғыны болмастан, кірме ру екендігін байқаймыз. Кірме руды тоқалдан туғызып өз руына есептеу дала шежірешілерінің дағдылы салты. «Юяңзасудың» 4-бумасындағы аңызда ашна аты ашыды деп, қонысы Байқал маңында екендігі жырланады. Ашна атауы «Таң Жарғыларында» (唐会要·诸部马印) ашнады (阿氏那德, a-ſi ə-na-tək, ашнатек) болып жазылған. Шүе мырза 狄 сөзін діл деп жаңсақ оқиды да, ашнады этнонимін asanadil есептеп [12.55], оны ашна (сак) мен деңленнің одағы деп нандырады. Меніңше, ашнады сөзі алшын атаның дыбыстық аудармасы. Сірә, шілінгірдің (селенгінің) бір тарауын қағза суы (каз суы, 姑且水) атаған алшындар-ды.

Б.з. 4-ғасырында ашналар Пиңляндағы кірме ғулар аталды. Олардың солтүстіктен оңтүстікке көшіп келгенде Барқынтауды соқпай өтуі мүмкін емес. 439-жылы батысқа ат басын бұрған ашна тайпасы Көшпекүм (流沙) Пышамшан (鄯善), Агниларды (焉耆) көктей өтіп Котеңге келді де, ол арадағы ғұндардың сақа руына тәуелді болды. 460-жылы нөнендер сақаны талқандағанда, ашналар Котеңнің терістігіндегі тауға паналады. Көп ұзамай Алтайдағы ата мекеніне жеткен ашналар қандас туыстары қыпшақтармен тоғысып, ұлы көк түрік қағандығын құрды. Ұйғыр қағаны мойынчордың құлпытасындағы “түрк-қыпшақ елу жыл отырды” деген дерек ашналар мен қыпшақтардың одағын меңзейді.


Сайын даланы қоныстаған көшпелі тайпалар шекаралық келісім шарт әзірлейтін кемелді жазу мәдениеті болмаған балаң дәуірде жартасқа қашалған таңбалар арқылы шекараны айқындап отырған. Бір тасқа қашалған бірнеше таңба тайпалар ара одақтың, туысқандықтың символы болса, таңба ру-тайпаның атын, тотемін білдіретін бейнелі жазу болуы да мүмкін. Таңбалар тобы тайпалар одағының атын білдіретін кемелді жазу болмасына кім кепіл. Жетісу түргештерінің он оқ (𐰽) таңбасы осының жарқын ескерткіші.

Ішкі моңғолдың Баянгол (Дыңку) ауданындағы Толингу деген жердегі

жартасқа бір топ кісінің суретіне қоса солдан оңға қарай ретімен $\bowtie \times \blacktriangleright \Pi$ таңбалар тобы қашалыпты. Су Бейхай мырзаның соңғы үш таңбаны бірдей сарғынайға балауы негізсіз. Ұрпақ сүюді аңсаған адамның сарғынайға табыну мақсатымен қашаған белгілері деп таныған күнде де, ұқсас бір мағынаны аңғартатын үш таңбаның бір тастан орын алуы неғайбыл. Таңбалар тобы белгілі бір мағынаны аңғартатын бейнелі жазу немесе ру-тайпа таңбалары негізінде түзілген кемелді жазу-ды.

4. Ұмай ана

Дамудың ілкі басқышында адамдар ұрпақ сүюді тек анаға хас күдірет санап, “дара жынысты” көбею нанымы негізінде анаға табынды. Аналық рулық қауымның ұйысуындағы ең басты фактор да осыдан. Ананың символдық белгісі $\Psi \nabla \blacktriangledown$ таңбалар арқылы Angles Sur l’ Anglin деген жердегі үш әйелдің суретінен [17.173] ғана емес, Жұңгоның байырғы қыш ыдыстары мен ортаазиялық көшпелі түріктердің жартас суреттерінен (петроглифтерінен) де мәлім. Үш үшбұрыш, яғни тұмар таңба қазақтың ошақты (Δ), шапырашты (∇), беріш (\blacktriangleright) тайпаларында сақталған.



Сегіз қиыр шар тарапта түрліше діни сенім мен мәдени шеңбер шегінде жасаған байырғы заман тұрғындары үшін киелі үшбұрышты сарғынай деп бір таяқпен айдау, меніңше, үстірт көзқарас. Әрине, таңбаның бастапқы мәні сарғынай екендігінде дау жоқ. Мәселе түрлі халықтың таңбаны қалай түсінуінде, даму барысында таңбаға үстелген жаңа мағынаның қандайлығында.

Евразияның ұлан-қайыр даласын қоныстанған көшпелі түріктер ана тәңір ұмайға табынған. Ұмай ананы қастерлеу моңғол тілдес халықтарға да ортақ. Ол сонау үйсін-сақ дәуірінен қалған дара тұлға. Әйелдер мен балалардың жебеуші тәңірі ұмай ананың атын тіліміздегі ұма, сарғынай (сарғы ұмай) сөздерінен тапсақ, Махмұт Қашқари: “ұмай – бала жолдасы” дейді. Умай (ұмай) моңғол тілінде жатыр, әйелдердің ағзасы деген мағынада. Міне бұдан ұмай анаға табыну дәстүрінің түрік қағанатынан көп бұрын қалыптасқандығын әрі оның аналық рулық қауымнан қалған анаға табынудың жалғасы екендігін аңғарамыз.

Қазақстандағы жартас суретінде ұмай анаға үш үшбұрышты тәж кигізіліпті [18.35]. Киелі үшбұрыштар ұмайдың кемелдік сипатын әйгілемес пе екен!


5. Сан мен таңба

Орхон-Енисей ескерткіштерінде сандар цифрмен емес, сөзбен таңбаланған. Бұл көне түріктерде сандарды таңбалайтын арнаулы цифрдың болмағандығын білдіреді. Десе де, Түргеш қағандығының шақасындағы “он ок” таңбадағы “=” белгінің майя цифры онмен ұқсас шығуы, [19.35,30] түрік


халықтарында цифрдың ру-тайпа таңбасы орнына қызмет өтегендігін аңғартады. Қаңлы мен Қарақалпақ қыпшақтарының таңбасы әліп (I) көне шумер жазбаларында аш деп оқылған да, бір және сызық мағынасын білдірген [9.242]. Таңба, сірә, ашылған бір саусақты меңзеген. Рұм, қытай, араб цифрларындағы бірдің бір тік немесе көлденең сызық болуы осы ойымызды күптайды. Қаңлы, қыпшақтар араб әліпбиімен танысуына байланысты аш таңба әліпке өзгерді. “Түрік тілдерінде әліпбидегі әліптің бірінші орны, оның кемелдік сипаты ескеріліп «алып» (зор, батыр) сөзі шықты. Ал еуропалықтардың көзі таңбаның арифметикалық бейнесіне түседі. Неміс поэзиясында эльф – «ергежейлі» [9.282] алыптың ескі түрік тілінде “қып” болып айтылуы, қып (әліп) таңбалы елді қыпсақ атауға түрткі болған.










Рұм цифры бес (V) басбармақ пен саусақтардың ашылғандағы аралық бұрыштың шартты таңбасы. Рұм ықпалына түспеген түріктер (наймандар) V таңбаны бақан атаған. Бақанның екі ашасын ескерсек, таңбаның бағзы заманда екі орнына да жұмсалғанын сезе аламыз. Бұл, асылы, сан санауда екі дегенде екі саусақты көрсету дағдысынан туған.

Сандар біртіндеп дамудың жемісі. Адамзат екі мен үшке дейінгі санаққа сан ғасырлық талпыныспен әзер жеткен. Тілдегі үштің киелі орны оның бір кезде ең үлкен сан болғандығын білдіреді. Түрік нанымында адамда үш жан, үш рух болған. Бірінші жаннан айырылса адамның жұлдызы төмендемек; ауыр науқас – екінші жаннан айырылғандықтың нышаны; үшінші жаннан айрылғанда адам о дүниеге сапар шекпек. Орта ғасырдағы түрік философтары алғашқы жаратылыстың негізін, яғни алғашқы себепті шыбын жан, тұлға және материя деп үш негізге бөлген. Қазақтың үш жаным-ай деп ауыр тыныстауы, бақсы-балгерлердің үшкіруі киелі сан үшпен қатысты. Байырғы заман тұрғындары өлімді екінші тірліктің басталуы санап, адам – мәңгілік назариясын қуаттаған. Тірлік-өлім-тірлік.


Иероглифтердегі таудың үш үшбұрыш болып келуі де киелі сан үшпен қатысты. Мысалы, шумершеде , қытайшада $\Gamma M \rightarrow \text{W} \rightarrow \text{Ш}$, ежелгі мысырда $\Delta\Delta\Delta$. Сірә, үш үшбұрыш тау тәңірі, тау атаның да кемелдік сипатын білдірген.

Түрік сан есімі үш (үч) қалайда қолдың ұшы деген ұғыммен байланысты болуға тиіс. Екінші таңбасы V ның екі аша ұшын тұтастырудан қолдың немесе таңбаның ұшы деген мақсатты бейнелеп, Δ, ∇ таңбалар арқылы үшті таңбалар үш жан ұғымын аңғартумен бірге, қасиетті ұмай ана мен тау атаның таңбаларымен қабысса, санды тәңір деңгейіне көтере марапаттау емей немене! Меніңше, түрік руникасындағы “ы”-мен бірігіп келетін “к”-ның таңбасы $\triangleright \triangleleft$, лар күз, қыз сөзін бейнелейтін иероглифтерден өзгерген.

Арал маңын қоныстанған печенектер IX-X ғасырларда Жетісу түріктерінің қарау қолына төтеп бере алмай оғыз одағына қатысқан. Махмұт Қашқари печенектердің بجذک таңбасын ∞ деп көрсетеді. Таңбадағы әліп печенектің қаңлы-қыпшақтармен этникалық туыстығының куәсі. Ал 

сынлы сенек немесе күйысқан аталады. Печенекті бажалар (паджанак) деп түсіндіретіндер бар. Мен этнонимнің араб графикасы негізіндегі көне түрік жазуында *بجنک* болып жазылуына танданып отырмын. Ахмет Байтұрсыновқа дейінгі графикамызда “б” мен “п”-ға, “ж” мен “ч”-ға бір таңба алыну ерекшелігін ескергенде, оны беченек деп те оқуға болады. Беченек- бешінгек болса керек. Ингек (𐰆𐰪𐰨𐰸) көне түрік тілінде сиыр деген сөз. Ол ұйғырдың тұрпан диалектісінде инак, түрікшеде інек делінеді. Этноним мен таңба кездейсоқ қалыптаспаған. Қазақта жер көтерген көк өгіз бен зеңгі бабаға табыну дәстүрі бар. Аңыздың баяндауынша, жер көтерген көк өгізді алып балық (жайын) көтеріп тұрады-мыс. Мен  таңбаны алып балық деп оқыдым. Себебі:  таңба балық сөзінің ежелгі шумерлік иероглифінен дамыған. Б.з.б. 4-мың жылдықтағы шумер жазуында балық сөзі балық суреті арқылы жазылса, б.з.б. 3-мың жылдыққа келгенде  [20.487] таңбаға ауысты. Таңбаның ықшам тұлғасы  →  →  → х болуы мүмкін. “Б” мен “М”-ның ауысуына негізделгенімізде, балық сөзі малық (малты етістігін ескерініз) деп те айтылуы мүмкін. Олай болса таңба балық сөзінің түрктік иероглифі болып, кейінгі түрік руникасында “м” () мен “б” ()-ның таңбасына ауысқан. Таңба балықтың басы, екі қанаты мен айыр күйрығына байланысты бес орнына жұмсалған. Жұңгоның “сауыт сүйек” жазуларында бес “х” түрінде де жолығады. Әрине, түрік цифры бесті  деп жорамалдауға болады. Ол біріншіден, балық бейнесінен өзгерген бес ұғымын аңғартса; екіншіден, үшке екіні қосу заңдылығына да үйлеседі. Осылайша, “алып балық” таңбасындағы сынлы сенектің “бес” орнына қолданылуына орай, жер көтерген көк өгізге табынушы тайпа бешінгек-бешінек-беченек аталған.

XX ғасырдың 50-жылдары Ши-ан қаласының Бәнпо деген жерінен мөлшермен 6080-5600 жыл бұрынғы яншау мәдениетінің жұртынан балық бедерлы немесе балық бедерлы адам бейнесі түсірілген бояулы керамикалар (біршама көбі қыш тегенелер) қазып алынды. Суретке қараңыз [1.482]:



Аталған суреттер мен ыдыстар туралы пікір таластар әлі толастаған жоқ. Біреулер “хуайнанзыда” айтылатын жоу ұлысының атасы Хоужи өлген соң балыққа айналып кетуі туралы мифке негізделіп балық тотеміне жорыса, екіншілері балықтың өсімталдық қасиетін адам бойына көшіру үшін Бәнпoлықтар айрықша жәдігөйлік салт – балыққа тасаттық беру қимылын өткізген. Балық бедерлі адам бейнесі түсірілген керамикалар қасиетті тасаттық ыдысы болған. Жыныстық жәдігөйлік тұрғыдан алғанда балықтың көп уылдырық шашуы әйелдің көп ұрпақты болуымен мәндес. Сондықтан


балық бастапта сарғынайға ұқсатылса (көрінісінен қарағанда бір немесе екі балықтың аузы сарғынайға ұқсаса, мәні жағынан балықтың өсімталдық қасиеті сарғынайдың қызметімен ұқсас), кейінірек балық әйел затына символ болып, бірте-бірте жұбай ұғымына көшті дейді. Жоу Гохуа, Су Бейхай мырзалар суреттердегі ∇ , Σ , X, пішіндерге айрықша көңіл бөлді. Олар бұл пішіндерді сарғынай және “бес” санымен шендестіріп “бес балық” ұғымын ортаға қойды. Төменде Су Бейхайдың Жоу Гохуадан алған үзіндісін келтірейік: “. . . балық бедерлі адам бейнесіндегі ерін пішінді Σ оң мен солға қарама-қарсы орналасқан екі балықтың бояулы үшбұрыш бастары мен төбелері тиістірілген екі ақ үшбұрыш аумақтан түзілген. Үшбұрыш (Δ) байырғы тұрғындардың санасында сарғынайдың шартты белгісі есептелген. Аталған ерін пішінді таңбада «бес балық» ұғымы бар. Оның өзгеріп дамыған түрі «x» балық бедерлі адам бейнесінің толықтырма үлгі өрнегіне айналған да, «бестің» қызметін атқарған [1.242].”

Жоу Гохуа, Су Бейхайлар пайымдауларының өзегін бестің “сауыт сүйек” жазуындағы \bowtie немесе \times (Σ , \bowtie қамтылады) арқылы жазылуымен дәлелдей отырып, таңбаны Жұңгодағы ең бұрын кемелденген әріп деп қарайды да, оның тарихын б.з.б. 4-мың жылдыққа тірейді. Осылайша, таңбаның (\times) төрт, тор орнына да жұмсалғаны ескерусіз қалды.

\bowtie \bowtie \bowtie \bowtie Таңбалар [1.442] Шонжы ауданы бәйтік мал фермасының Күп деген жеріндегі жартас суретінен де табылды. Шонжы, Мори аудандары ежелгі тиграхауда сақтарының мекені болғандығын тарихи жазбалар мен жартастағы тымақты кісілердің суреті дәлелдейді. Олай болса \bowtie сақтарға да ортақ. Су Бейхайдың түрік жазуындағы Σ , \bowtie (бас, баш деп оқылады) таңбаларды ру таңбасынан өзгерген деуі де тегін емес.

Бәнпо, Линтүн ыдыстарында балық екі, үш, бес болып та келеді. Сондықтан балық бедерлі адам бейнесіндегі « Σ » өрнекті “бес балық” ұғымына тели салуы жарамайды. Толықтырмалы үлгі өрнек “x” те “бестің” қызметін өтеуі неғайбыл. Хынанның Янсүн деген жерінен табылған Яншау мәдениетіне тән “көкқұтан, балық, тас балта” атты суретте тас балтаның сабына “x” сызылған. Суретті: “байырғы тұрғындар бесті “x” мен таңбалаған. Бес байырғы тұрғындардың санасында ең үлкен сан болған. Суреттегі балық тістеген көкқұтан төсектестікке, тас балта еркекке символ болған. Балта сабындағы \times көп ұлды болу арманын бейнелейді” [1] деп анықтайтындар бар. Су Бейхай батыс өңір жартастарындағы + таңбаны да ағзаға табыну деп қарайды. Тас балтадағы x баланың санын емес, қайта еркектің белділігіне символ болуы мүмкін. Тегін қусак “мысырлықтар шыққан күнді бірінші болып көріп, айғайлаған қызыл құйрық павянды құдай санаса, үнді-еуропада қарапайым қораз мысыр павиянындай құрметке бөленді, ол да шыққан күннің тәжісіне, өмір мен тәнге жан бітірудің символына айналды. Бұл үрдіс ежелгі қораз – күн көзінен тұтанған оттың жаңа белгісі «ашамай» (крест) пайда болғанға дейін жалғасты [9.58]”. Міне бұдан күн нұрынан жаралған қораздың күнмен тең орында тұрғанын байқаймыз. Ертедегі көптеген

халықтар күн тәңірін шебер садаккер, күн нұрын жебе деп тануға байланысты, жер ана күн нұрынан жүкті болады деп карап, күнге табынуды ағзаға табыну деп есептегендегі негізгі бір себеп – қоразға, қораздың жыныстық тәбетінің күштілігіне ұласып жатыр. Парсы тіліндегі (atas, от) сөзі ескі түрік тілінде («Оғызнамада») аташ, қазіргі түрік тілінде ateş түрінде жолығады. Қазақтардың қоразды әтеш атауы тегін емес. Түрік аңыздарында дыңдағы арулар көктен келген сағымнан жүкті болады. Көк сағымының күн тәңірі атқан жебе екендігін мына суреттен [17.107] байқайсыз. × жұлдыз мағынасын да берген. Ал + күннің шартты белгісі.



Ізден жаралған қасиетті егіс патшасы Хоужидың әулеті жоу ұлысы көшпелі нұм-тиектермен 彗 彗 彗 мәдени байланыста болған. Егер солтүстік халықтарының нанымындағы қораз таңбасы “×” күн тәңіріне телінсе, қытай тайпалары әтештің белділігін “×” арқылы да бейнелеуі мүмкін. Осылайша, × ер мен әйелдің төсектестіктегі қажырлылығы деңгейіне көтеріліп марапатталады.

Байырғы қытай тайпалары гуанжүн аналық рулық қауымының басы мен орта шенінде балықшылықпен шұғылданған. Балықтың аузын сарғынайға ұқсатудан туған сәбилік қиял ананың көп перзентті болуын балықтай болса деген тәтті арманға ұласуы, сол себептен балық сарғынайға, бара-бара әйел заты, махаббат пен құт-берекеге символ болуы мүмкіндіктен жырақ емес. Десе де, отырықшылар мен көшпелілер ара мәдени ауыс-түйістерді ескергенде Бәнпо ыдыстарындағы балық бедерлі адам бейнесінен “алтау ала болса, ауыздағы кетеді” деген аталы сөзді оқығандай боласыз.

Түрік сан есімдері үш, он, үшондар (отыз) шумерлерде уш, у, ушу түрінде кезіксе, америка үндістерінің тіліндегі сан есімдер де түрік сан есімімен сәйкеседі. Мысалы, tawa - тавата, тават - 4 (кечуа және чуваш тілдерінде), біге - бір, ока - екі (тарахумара және жалпы түрік тілдерінде), osh - үш (майя және жалпы түріктік) [8.31]. Түрік, Үндіс тілдеріндегі сан есімдердегі сәйкестік цифрдан да байқалады. Түргештердің “он оқ” таңбасы мұның жарқын ескерткіші. Тілдегі ұқсас белгілер, әсте, кездейсоқтықтан емес. Үндістердің Азиядан кеткеніне кемінде 14 мың жыл болған-ды. Сондықтан түрік сан есімдерінің қалыптасу, даму тарихын б.з.б. 4-мың жылдықтың бергі жағынан іздеу аталар аруағына шет саналмақ. Мен 𐎠, 𐎡, таңбаларды алты деп оқуды ұсынамын. Бұл беске бірді қосу немесе екі үштің бірігу заңдылығына да, сақтардың жерлеу салтына да сәйкеседі. Байырғы еуропалықтар тәңір бастан жеті терезе (екі көз, екі танау, екі құлақ және ауыз) шығарған деп білсе, қытайлардың бесті кие тұтып, ең үлкен сан есептеуінің сыры бастағы бес тесікпен (екі құлақ, екі танау, ауыз) қатысты. Сақтар құлақ, танау, ауызды таза деп білмегендіктен марқұмның жанының шығып кетуі мен қайта айналып кіруіне арнап мәйіттің төбе сүйегін бүрғылап тескен. Қазақтар жүрек шыбын жанның ұясы деп сенген. “Жүрегім тас төбемнен шықты”, “төбеңе құй қазып па едім” деген сөздер сақтардың

жерлеу салтынан қалған, яғни төбеге құй қазу жаһаннамға аттандырумен барабар. Түрік руникасындағы, таңбаның бас болып оқылуы бастағы алты тесіктен туған. Сақтардың алты (𐰽) таңбасын қанаттас қытайлар қабылдағанда бес болып кетуін екі түрлі пайымдауға болады. Бірінші, сақтардың рухани тіршілігіндегі алтыншы тесік оларға беймәлім; екінші, ұйғырларда басты беш деу дағдысы бар (“башым ағырды” болмастан “бешім ағырды” делінеді). Тілдегі осы зәредей бөлшек таңбаның бір тілден екіншісіне “бес” болып ауысуына түрткі болуы мүмкін.

6. Жартас жазбалары

Баянголдағы таңбалар тобын (𐰽X𐰽NI) қалайда ашна атымен мәлім болған массақтар оңтүстікке көшіп келгенде қашаған.

Қытайдың ұлы қорғанынан Мажарстанға дейінгі ұлан-ғайыр даладан ең көп табылған ескерткіштер түрік, венгр руна алфавитімен жазылған. Аталған таңбалар тобы да түрік, венгр руникасындағы әріптермен сәйкес.

Егер ескерткіш оңнан солға қарай оқылады деп жорамалдасак, бірінші әріп I түрік руникасындағы жіңішке “с” (сь) ның әріптік таңбасын, екінші әріп N венгр руникасындағы “қ”, түрік руникасындағы “а” мен “е”-ні, үшінші әріп 𐰽 түрік руникасындағы “ы”-мен бірігіп келетін “қ”-ның әріптік таңбасын, төртінші әріп X Талас ескерткішіндегі “а” (𐰽), жалпы түрік руникасындағы жіңішке “д” (дь)-ны, соңғы таңба 𐰽 түрік руникасындағы дыбыс тіркесі “бас”, “баштарды” еске салады. Әрине, “бас” сөзін “мас” деп оқуға да болады. Төменде түрік руникасының ерекшеліктеріне сүйене отырып [21], ескерткішті оқудың бірнеше жобасын ортаға салмақпын.

Бірінші жоба:

Ескерткіштегі үшінші әріп “қ”, соңғы дыбыс тіркесі “бас”, “мас” болып оқылатындықтан, тұтас сөйлемді жуан буынды деп тұрақтандырдым.

1. Орхон ескерткішінде “с”-ның жуан (𐰽) және жіңішке (I) түрі бар. Кейде жіңішке “с”-ның әріптік таңбасы жуан “с”-ның орнына да қолданыла береді, әрі мұндай алмасу түбір сөздің барлық шенінде кездесумен бірге қосымшаларда да кезігеді. Мысалы, 𐰽𐰽I сбғ - сабығ - сөзді, 𐰽𐰽𐰽 -ғысы - ағысы - қазынасы, 𐰽𐰽> -ұлс - ұлыс, 𐰽𐰽𐰽 -тысы - атысы - туысы, 𐰽I𐰽 шсз - ашсыз - ассыз, 𐰽I𐰽𐰽>D иорыср – иорысар - жүрсе. Міне бұдан бірінші таңбаның жіңішке “с”-ның әріптік таңбасы болғанымен, жуан “с”-ның орнына жұмсалғанын аңғарамыз.

2. Орхон жазуында езулік тіл арты “а” және тіл алды “е” дыбыстары үшін бір таңба (J) алынған. Алайда Енисей, Талас жазуларында J, I, 𐰽, түрлері бар. Мәтін жуан буынды болғандықтан екінші және төртінші әріптерді (N, X) “а” деп оқыдым. Мұнда көне түрік жазбаларында “а”, “е” дыбыстарының таңбасы сөз басында және ортасында өте сирек жолығуына қарамастан, 𐰽I𐰽I ачск - ачсық - аш, 𐰽I𐰽I атын - (оның) атын, 𐰽I𐰽I пам - апам сөздерінде түсірілмеу ерекшелігі ескерілді.

3. Орхон жазуында “к”-ның алты таңбасы бар олар: $\text{𐰇𐰏} \triangleleft \triangleright \downarrow \uparrow$ болып сөздің барлық шенінде келе береді. Кейде олар бірінің орнына бірі жұмсалғанымен, дауыстылармен тіркесуі барлық жерде бірдей емес. Алдыңғы екі таңба “а”-мен (𐰇𐰏 -қара), ортанғы екеуі “ы”-мен ($\text{𐰇𐰏} \triangleleft$ -қырк), ал соңғы екеуі “о”, “ү” дыбыстарымен (\downarrow -оқ, $\text{𐰇} > \downarrow \delta$ -тоқұз - тоғыз) тіркеседі. Мәтінде “к” деп саралаған таңба 𐰇 түрде жолығып отыр. Диалектілік айырмашылық, бедізшінің қабілеті, ұлы табиғаттың есесі, бертінде қағаз бетіне қондырушының шеберлігі сияқты факторларды ескергенде оның \triangleright екендігіне шүбәлану қажетсіз. Мәтінде оның “а”-мен тіркесуін де теріс дей алмаймыз. Демек тұтас таңбалар тобы сақабас, сақамас болып оқылады.

Екінші жоба:

Екінші таңба N венгр руникасында “к” болып оқылады. Печенек руникасындағы үш әріп к (И, N), н (D), с (I) түрік руникасындағы сәйкес әріптермен ұқсас [22.198]. Түріктік 𐰇𐰏 қалайда N дан өзгерген. Міне бұдан бірінші, екінші әріпті сақ деп оқуға болатындығын аңғарамыз. Орхон жазуындағы \triangleright таңбаның тарихи күз таңбамен қатысын ескергенде, оның “ү”-мен тіркесуін жоққа шығармаймыз. Төртінші әріп x Орхон жазуында жіңішке “д” болғанымен, финикияда “т” дыбысының орнында тұр [23.585]. Сол үшін $\text{X} \triangleright$ тіркесті құд, құт деуге болады. Құт түрік тілінде жан, ұл, ұрпақ мағыналарын берген. Мысалы, Әбілғазы: “түрік халқы жанды құт дер” деп анықтама жасаса, «Ханнамада» тәңірқұт сөзі тәңір ұлы деп түсіндірілген. Құдығы (маралдың бұзауы) деген сөз де ұрпақ мағынасынан өрбіген. Олай болса тұтас таңбалар тобы саққұдмас, саққұтмас болып та оқылады.

Үшінші жоба:

Жіңішке “д”-ның әріптік таңбасы болған x - ны “ед” деп те оқуға болады. Ол еде, деде, ат, ата сөзімен шендес болғандықтан, тұтас мәтін сақедмас болуы ғажап емес.

Түрік тілдерінде біріккен сөздердің құрамындағы екі түбірдің орнын өзара ауыстырудан мағыналық алшақтық тумайды. Салыстырыңыз: сақалы ақ - ақ сақал [24.429], көңілі ақ - ақ көңіл, масқара - қара бет. Сондықтан сақабас - бассақа, сақамас - массақа, саққұдмас - массаққұд, саққұтмас - массаққұт, сақедмас - массақед болуы заңды. Бұл, қалайда, массагеттің байырғы түрі саналмақ керек.

Төртінші жоба:

Алдыңғы екі әріп (NI) сақ деп оқылады, ал соңғы үшеуі әріптер тізбегін білдіретін иероглифтер болып, 𐰇 - тау (күз), үш немесе ош, X - күн, бес, тор, 𐰇 - бас, мас, алты.

1987-жылы шілдеде Толы ауданы Ақбелдеу ауылындағы шежіреші қарт қызыкен уази ұлынан: “керей 𐰇X ” сөзінің мәнін сұрадым. Қарт: “абақ керей, ашамайлы керей” деп оқыды.

Бір таңбаның түрліше аттармен аталуына сай бір одақтан бөлінген тайпалардың бұрынғы аттары ұмыт болып, таңба негізінде жаңаша атпен мәлім болуы табиғи. Мысалы, уақтар арғы тегін қосай батырдан таратады. Қос ай таңбалы (𐰇) елді сіргелі, ергенекті (уақтағы кіші тайпалар) атап кеттік. Қос ай таңбаның тағы бір түрі 𐰇 “таңбалы таста” керейдің ашамай таңбасымен бірге

түр [25.54]. Таңба сиырдың шаңырақ мүйізіне ұқсайды. Сиырдың шаңырақ мүйізін корейлер ұғак дейді [6.9]. Таңба ұғрақ таңба аталуы мүмкін. Ұғрақтар туралы деректер Махмұт Қашқарида көптеп кезігеді. Ұғрақ - ұғак - ұуак - уак болуы заңды. Қызығарлығы, өзбек елінде уактамғалы атты ру бар.

Баянголдағы таңбалы тастан таусақ, күзсақ, ошсақ (ошақты) (𐰉NI), күнсақ, бессақ, торсақ, керсақ (XNI), массақ (𐰏NI) сөздерін оқығандай болдым.

Баянголдағы таңбалар тобының сырын ашу ата тарихымыз үшін аса маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР

1. Су Бейхай. Шынжаңдағы жартас суреттері. Шынжаң Әсемөнер-фотосурет баспасы, Үрімжі 1994.
2. Баһаеддин Өгел. Ұлы ғұн империясының тарихы. Анкара, 1981, 1-том, 184, 187 б.
3. Иероглифтер Го Шилянның «汉语古音手册» кітабынан алынды, Бейжиң Унив-ті баспасы, Пекин 1986.
4. Әбдікәрім Хасенов. Қазақ тарихының бес мың жылдықбаяны. А., 1996.
5. Қазақ совет энциклопедиясы. А., 7-том.
6. Ғ.Мұсабаев. Қазақ тілі тарихынан. А..
7. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Қанапия Бекетаев, Арсен Ибатовтар аударған, А., “Ана тілі”, 1993.
8. Әділ Ахметов. Америка үндістерінің шығу тегіне тарихи және нәсілдік-тілдік көзқарас. Тіл және аударма, Үрімжі 1997 ж. 3-сан.
9. Олжас Сүлейменов. Азия. А., 1992. «Сөз теңізі» (цыхэй), кішірейтілген бір томдығы, 1989, 477 б.
10. Су Бейхай. Қазақ мәдениетінің тарихы. Шынжаң университеті баспасы, Үрімжі 1989.
11. Дала Жібек жолы және Орта Азия мәдениеті. Мақалалар жинағы, Шынжаң Әсемөнер-фотосурет баспасы, Үрімжі 1994.
12. Шуе Зұңжын. Түрік тарихы. Қытай гуманитарлық ғылымдар баспасы, Пекин.
13. Бан Гу. Ханнама. Жұнхуа шужүй баспасы, күрделі иероглифпен басылған нұсқасы мен Чаңша. Майда иероглифті басылымы.
14. Қаһарман Мұқанұлы қытай тарихнамаларындағы ономастикалық атаулардың ежелгі дыбысталуы жөнінде. Шынжаң қоғамдық ғылымы Үрімжі 1997 ж., 3-сан.
15. Сыма Чян. Тарихи жазбалар. Жунхуа шужуй баспасы, күрделі иероглифпен басылған нұсқасы мен ...лық баспасы майда иероглифті басылымы.
16. Қырғыздың қысқаша тарихы. Шынжаң халық баспасы, Үрімжі 1986.
17. Ху Шяухүй. Жартас суреттері және жыныстық жады. Шынжаң Әсемөнер-фото. баспасы, Үрімжі 1993.
18. Жамбыл әлемі. А..
19. Шадыман Ахметұлы. Он оқ салған ойлар. Шынжаң қоғамдық ғылымы. Үрімжі 1995 ж., 4-сан.
20. Қазақ совет энциклопедиясы. А., 10-том.
21. Хүсейін Намық Оркүн. Ескі түрк язытлары. Ғ.Айдаров: «Көне түрік ескерткіштерінің тілі» Алматы, С.Е.Малов: «Моңғолия мен Қырғызияның көне түрк жазуының ескерткіштері» Мәскеу атты кітаптардан пайдаланылды.
22. Х.Н.Оркүн. Ескі түрк жазбалары. Ыстанбұл, 1938, 2-том.
23. Қазақ совет энциклопедиясы. А., 9-том.
24. Өтейбойдақ Тілеукабылұлы. Шипагерлік баян. Шынжаң ғылым-техника, денсаулық сақтау баспасы, 1994, Үрімжі.
25. Әлкей Марғұлан. Таңбалы тас жазуы. Мұра, 1984 ж., 2-сан. (Автордың қызмет орны: Шынжаң Қоғамдық Ғылымдар Академиясы Тарих Институты)

ИШТВАН ЭРДЕЛИ – 75 лет



Иштван Эрдели родился в 1931 г. окончил исторический факультет университета им. Л.Этвеша в Будапеште с отличием в 1955 г. Свою научно-исследовательскую работу начал в отделе археологии венгерского Национального Музея. В 1955 же году поступил в аспирантуру на кафедру археологии Ленинградского Государственного университета, где учился под руководством профессора М.И.Артамонова. Свою кандидатскую диссертацию по теме «Венгры в Леведии» защитил там же в 1959 г. после возвращения в Венгрию работал в институте археологии Венгерской Академии Наук до 1992 г. В качестве старшего научного сотрудника, ученого секретаря, секретаря иностранных отношений, заведующим отделения раннего средневековья и ученого советника. С 1993 по 1995 гг. был академическим стипендиатом на кафедре Внутренней Азии гуманитарного факультета университета им. Л.Этвеша.

Экспедиционная деятельность за границей

В 1955 г. под руководством профессора А.Н.Бернштама был участником комплексной Памирской экспедиции в Киргизии и Таджикистане.

В 1958 г. вел раскопки могильника 10-11 вв. вблизи с.Кушувело в Башкирии.

Участник археологических работ Государственного Эрмитажа в Пскове летом 1959 г. Осенью того же года под руководством Л.Н.Гумилева участвовал в разведательных работах на Нижней Волге.

Начиная с 1961 г. по 1990 г. (13 раз) был руководителем венгерского отряда совместной Монголко – Венгерской археологической экспедиции в Монголии, где исследовали памятники эпохи скифов, гуннов, тюрок и уйгур. Результаты опубликовал в своем труде «Археологические экспедиции в Монголии» (на английском языке).

Начиная с 1975 г. по 1982 г. (7 сезонов) был руководителем венгерского отряда Международной Советско-болгарской-венгерской археологической экспедиции на Дону.

В 1962 г. участвовал в археологических раскопках Люблинского университета в Польше в течение одного месяца.

Полевые работы в Венгрии

Начальник совместной венгерско-советской Археологической экспедиции в м.Фенекпуста на оз. Балатон, с 1975 по 1983 гг.

Начальник полевых работ на поселениях 9-11 вв. н.э. на территории северно-восточной Венгрии с 1968 по 1999 гг. (14 сезонов).

За свою научную деятельность удостоен орденом Труда второй степени в 1977 г.

Венгерское общество востоковедов им. Шандора Чома Кёрёши вознаградил его высочайшей премией в 1997 г.

Преподавательская деятельность

Приглашенный преподаватель кафедры археологии гуманитарного факультета университета им. Л. Этвеша в Будапеште 1967/62 учебного года.

Приглашенный преподаватель кафедр Финно-угроведения, затем истории Восточной Европы (где преподавал истории печенегов ясов и половцев) и Внутренней Азии, с 1984 по 1999 гг. В 1985 г. удостоен званием профессора. В 1996 г. был абилитирован университетом.

Трижды был руководителем венгерских, русских и башкирских аспирантов-археологов.

В 1993 г. участвовал в создании-организации Реформаторского университета в Будапеште, где стал преподавателем, а затем с 1994 г. заведующим кафедрой истории Гуманитарного факультета, с 1995 по 1998 стоял на посту проректора факультета. Составил учебник по археологии древних тюркоязычных народов Азии и Европы.

В 1999 г. был приглашен в Азиатский учебный центр Печского университета, где преподавал два семестра древнюю археологию Южной Сибири и Средней и Центральной Азии.

В 1968-70 и 1982-83 гг. И. Эрдели был старшим научным сотрудником гостем Института Археологии АН СССР. За это же время ими были написаны на венгерском языке две монографии, среди них «Авары и Восток в свете археологических источников», которая защищена докторской диссертацией в Будапеште в 1986 г.

В центре его научного интереса стоят вопросы истории соотношений древних и средневековых кочевников и оседлых народов, древняя история и вопрос происхождения древне венгерского народа.

В 1995 г. им была организована группа по изучению древней истории и археологии венгров (в Будапеште), который в 2002 году переорганизован в Общество. И. Эрдели является его председателем. По его же инициативе выходит – ныне единственный научный журнал в Венгрии «Элеинк» (= Наши предки) и он же является главным редактором этого журнала. Им написана и в этом году издана научная монография на венгерском языке под названием «По следам наших предков», что является оценкой – обзором научных работ в течение XX-ого века в области изучения истории древних венгров.

Находится в печати его труд «Скифия Хунгарика», в котором перечислены и оценены все известные археологические памятники, связаны с древней историей венгров и родственных с ними народов (др. болгар, печегенов и пр.).

Т.ғ.к. Б.Қиянатұлы

MAZMUNY, СОДЕРЖАНИЕ, İÇERİK, CONTENTS

КӨНЕ СЫНА ЖАЗУЛАРЫ

| | | |
|----------------------------------|---|-----|
| <i>Рахмонов Н.</i> (Ташкент) | Орхон ескерткіштері бастамаларының кейбір ерекшеліктері Некоторые особенности зачинов Орхонских памятников | 3-7 |
| <i>Rahmonov N.</i> (Tashkent) | Orhon Anıtları Girişimlerinin Birtakım Hususları Some features of beginnings Orkhon's monuments | |

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМ

| | | |
|---|--|-------|
| <i>Васильева Е.</i> (Чебоксары) | Чуваш Республикасы Моргауш ауданының –кас/-касси топоформанттарынан жасалған комонимдер Комонимы с топоформантом –кас/-касси Моргаушского района Чувашской Республики | 8-14 |
| <i>Vasilyeva E.</i> (Çeboksary) | Çuvaş Cumhuriyeti Morgpauş İlçesinde -kas/-kassi Topoformantlı Komonimler Komonims with topophormant-kas/-kassi Area Morgaush of the Chuvash Republic | |
| <i>Кулкыбаев Г., Жунисбеков А., Бейсетаев Р.</i> (Караганды) | Түрік тілдерінің фонологиясын терминологиямен қамтамасыз ету Терминологические обеспечение фонологии тюркских языков | 15-24 |
| <i>Kulkıbayev G. Gunisbekov A., Beysetaev R.</i> (Karagandy) | Türk Dilleri Fonolojisinin Terminolojik Donanımı Terminological maintenance of phonology of the Turkic languages | |
| <i>Петрова Т.</i> (Якутск) | Саха тілінің қазіргі жағдайы жайлы пікірлер Мнения о современном состоянии языка Сахы | 25-29 |
| <i>Petrova T.</i> (Yakutsk) | Çağdaş Saha Dilinin durumu hakkında The Opinions about a modern conditions language Sakhas | |

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

| | | |
|---------------------------------|--|-------|
| <i>Миннегулов Х.</i> (Казан) | Гаязи Исхакидің эмиграциядағы (1919-1954 ж.ж.) әдеби-публицистикалық қызметі Литературно-публицистическая деятельность Гаязи Исхахи в эмиграций (1919-1954 гг) | 30-35 |
| <i>Minnegulov H.</i> (Kazan) | Gayazi İshani'nin yabancı ülkeye göçmedeki (emigrasyon) (1919-1954) edebi gazetecilik görevi Literary - publicistic activity Gayaz Iskhakhy in emigrations (1919-1954 гг) | |
| <i>Омаров Т.</i> (Алматы) | XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстарының зерттелуі Исследование казахско-киргизского литературных связей XIX века | 36-43 |
| <i>Omarov T.</i> (Almatı) | XIX. yy. Kazak-Kırgız Edebi İlişkileri Researches of the Kazakh-Kirghiz literary communications of XIX centuries | |

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

| | | |
|--|---|-------|
| <i>Мукашева Р.</i> (Будапешт) <i>Mukaşeva R.</i> (Budapeřt) | Мажарстан Мажарстан Macarstan Mazharstan | 44-48 |
| <i>Жандарбекұлы З.</i> (Түркістан) <i>Jandarbekuli Z.</i> (Türkistan) | Алаш және казак халқының қалыптасуының алғашқы кезені Период формирования Алаш и казахского народа Alaş ve Kazak Ulusunun Oluşumunda İlk Devirler The period of formation Kazakh khanes and the state Alash | 49-63 |
| <i>Жеңіс Ж.</i> (Түркістан) <i>Jenis J.</i> (Türkistan) | Түркі қағанатындағы түркілердің дәстүрлі дүниетанымы және діни идеология Традиционное мировоззрение и религиозное идеология тюрков в тюркском каганате Türk Kağanlığı Devri Geleneksel Dünya Görüşü ve Dini İdeoloji Traditional outlook and religious ideology in Turkic kaghanat | 64-74 |

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

| | | |
|--|--|-------|
| <i>Ералин К.</i> <i>Зайымоғлу Ө.</i> (Түркістан) <i>Eralin K.,</i> <i>Zaimoğlu Ö.</i> (Türkistan) | Кілем өнеріндегі ою-өрнектер ерекшеліктері Особенности орнаментов в искусстве ковроткачестве Halıcılık Sanatında Motiflerin Kültürel Mirası Features of ornaments in art carpet | 75-77 |
|--|--|-------|

ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

| | | |
|---|--|-------|
| <i>Қожанов М.</i> (Астана) <i>Kojanuli M.</i> (Astana) | Түркі халықтары, оның ішінде казак шежіресінде кездесетін таңба атауы хақында О названии тамга в родословных тюркских народов, в том числе и в шежире казахского народа Türk Halkları, Özellikle Kazak Şeceresinde Damga Adları Hakkında About the name tamga in genealogical Turkic peoples, including in the annals Kazakh people | 78-86 |
|---|--|-------|

РЕЦЕНЗИЯ

| | | |
|--|---|-------|
| <i>Тамбовцев Ю.</i> (Новосибирск) <i>Tambovsev Y.</i> (Novosibirsk) | Түріктер мен татарлардың шығу тегі Происхождение тюрков и татар Türkler ve Tatarların soyu Origin of Turks and Tatars | 87-92 |
| <i>Дүйсен С.</i> (Алматы) <i>Düysen S.</i> (Almatı) | Ұлы мұраның монографиялық басылымы туралы бірер сөз Несколько слов о монографической изданий великого наследие Büyük mirasın neşri hakkında birer söz Some words about monographic editions great a heritage | 93-96 |
| <i>Байғұт М.</i> (Шымкент) <i>Baygut M.</i> (Şımkent) | Қазак тілі грамматикасы Грамматика казахского языка Kazak Dili grameri Grammar of the Kazakh language | 97-98 |

ХАБАРЛАМА

| | | |
|---|---|---------|
| <i>Ибраев Ш.</i> (Түркістан) <i>Ibrayev Ş.</i> (Türkistan) | М.Жалел және Қазақстан М.Джалиль и Казахстан M.Calil ve Kazakistan M.Zhalel and Kazakhstan | 99-101 |
| <i>Умаров Е.</i> (Ташкент) <i>Umarov E.</i> (Taşkent) | Руникалык ескерткіштердегі Э таңбасы туралы Еще раз о знаке Э в рунических памятниках Runik Anıtlardaki Diğer Bir Э Damga Once again about a sign Э in Runic monuments | 102-103 |

ҒЫЛЫМИ АҚПАРАТ

| | | |
|--|--|-----|
| <i>Шотаев М.</i> <i>Абдужаппаров Ы.</i> (Түркістан) <i>Şotaev M.</i> <i>Abducapparov I.</i> (Türkistan) | Мұса Жәлел: шығармашылығы мен ерлігі ХХІ ғ. көзқарасымен Муса Джалиль: Творчество и подвиг. Взгляд из ХХІ в. 21. уу. Musa Calel'in eserleri ve kahramanlığı Musa Djalil: Creativity and a feat. A sight from ХХІ century. | 104 |
|--|--|-----|

МҰРА

| | | |
|--|--|---------|
| <i>Ахметов Ш.</i> (Үрімші) <i>Ahmetov Ş.</i> (Ürımşı) | Массагеттер және Баянгол жазбалары Массагетты и рукописи Баянгола Massagetler ve Bayangol taş yazıları Massagets and manuscripts Bayangol's | 105-122 |
|--|--|---------|

PERSONALYA

| | | |
|--|---|---------|
| <i>Қиянатұлы Б.</i> (Алматы) <i>Kuapatulı B.</i> (Almaty) | Иштван Эрдели – 75 жаста Иштван Эрдели – 75 лет İştvan Erdeli 75 yaşında Ishtvan Erdely – 75 years | 123-124 |
|--|---|---------|

Редакцияның мекен-жайы:
161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым Орталығы, Н.Назарбаев көшесі, 8^а
“Түркология” журналының редакциясы, 2-бөлме.
Тел.: (8-32533) 4-38-01,
Факс: (8-32533) 4-38-01
E-mail: gilim@mktu.turkistan.kz

Журнал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің “ХҚТУ” баспаханасында көбейтілді.

Қолжазба қайтарылмайды.
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ы.Абдужаппаров
Оператор М.Асанова
Ағылшын тіліндегі аудармаларын жасаған А.Отыншина

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы 13,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 265 .